

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**«Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытуға
бағытталған қосымша білім беру мазмұнының ғылыми-
әдістемелік жаңарту негізі»**

Астана – 2013

«Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған қосымша білім беру мазмұнының ғылыми-әдістемелік жаңарту негізі» - «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК. - Астана, 2013. - 67 бет.

Бұл жинақ балалардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған қосымша білім беру мазмұнының ғылыми-әдістемелік жаңарту негізін ашады.

Методикалық ұсыныстар балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі педагог қызметкерлеріне ұсынылады.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
әдістемелік кеңесі баспаға ұсынған*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2013

Мазмұны

1	Кіріспе	4
2	Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған қосымша білім беру мазмұнын жаңартудың мақсаты мен міндеттері	10
3	Қосымша білім беру мазмұнын жаңартудың жаңа жолдары	17
4	Қосымша білім беру мазмұнын жаңартудың талабы - оқушыларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын жаңарту	19
5	Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі вариативтік білім беру қызметі	30
6	Білім беру кеңістігіндегі жалпы орта және қосымша білім берудің кіріктірілуі	33
7	Балаларды әлеуметтендіру үдерісін жанамалау	40
8	Балалардың азаматтық қалыптасуы	46
9	Қорытынды	57
10	Пайдаланылған әдебиеттер	135

«...Оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс».

Н.Назарбаев

1. Кіріспе

Әлеуметтік білім беру институты қоғамның дамуы мен қалыпты жұмыс жасау үдерісінде ерекше рөл атқарады.

Алдыңғы ұрпақтың еңбегінің арқасында жинақталған материалдық және рухани байлығы, білімі, тәжірибесі мен салт-дәстүрі жаңа ұрпаққа табысталуы керек. Сондықтан, өткен ғасырдан келе жатқан мәдени мұраны игермейінше, қол жеткізген мәдени даму деңгейімізді қолдап, оны әрі қарай жетілдіру мүмкін емес. Адам қоғамның толық қанды мүшесі болып мәдени құндылықтар мен қағидаларды білуі қажет және бұл мәселе жеке адамның әлеуметтену үдерісінде шешуін табуда.

Мәдени құндылықтар мен жинақталған білімді табыстау мақсатында білім беру мен оқыту, жеке адамның әлеуметтену үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси қатары, оның материалдық-техникалық даму деңгейі мен мазмұнын анықтағандай, бәрінен бұрын ғылыми, адамгершілік, ақыл-ой құндылықтары, іскерлік, дағдылары, мінез-құлық қағидаларын меңгеруге бағытталған нақты біліммен, қоғам мүшелерінің жүйелі оқу мен тәрбие міндеті болып табылатын білімге дербес жүйе ретінде сипаттама беруге болады.

Жаңа заман ұсынған талаптарды қанағаттандырған кезде ғана оқыту тиімді болмақ, сондықтан, қазіргі кезде дүние жүзінде білім берудің мақсаты- қоғамның қажеттілігін қамтамасыз ету.

Елімізде болып жатқан өзгерістер тарихи даму сабақтастығын, мақсатын айқындау қажеттігі, мемлекеттік, қоғамдық және жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарын біріктіре алатын, әлемдік өркениеттің жетістіктері мен отандық мәдениеттің қоғамдық бағыттарын белсенді түрде іздеуді талап етуде.

Ұлттық басымдылық дәрежесіндегі отандық білімді дамыту талаптарын ұсыну, осы мәселенің дәл жауабы болып табылмақ. Білім беру жүйесі - еліміздің барлық тұрғындарының мүдделері ұсынылған қоғамның өмір сүру ортасы.

Қазіргі уақытта Қазақстандық қоғам әрбір адамның зияткерлік қабілетін дамытуға белсене атсалысуда. Нәтижесінде білім беру үдерісінде қалыптасқан адамзаттың ілгері дамуы, жеке тұлғаның қабілеттері мен сапасына тәуелді екені айқын көрініс беріп тұр.

Қоғамның барлық мүшесінің білім деңгейі көтерілгенде ғана ілгерілік болатыны анық. Бұл жағдай Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту жолдарын іздеу мен білім беру сапасын жетілдіру өзекті мәселе туғызып отыр. Осы мәселенің шешілу жолдарының бірі қосымша білім беру болып табылады.

Осы мәселеге байланысты белгілі ғалым А.Г.Асмолов өз мақаласында өз көзқарасы бойынша, мәдениетте ұрпақтар арасындағы байланыс үшке бөлінеді деген. Бұл - ата-баба дәстүрлері арқылы берілетін дәстүрлі мәдени байланыс. Екінші жолы – «жас балаға, алдында тұрған ересектердің нұсқауы» бойынша ұрпақтан ұрпаққа берілетін тәжірибе. Мұндай білім берудің негізгі үлгісі – біздің көптеген мектептерімізге тән – монолог. Тағы бір жолы балалардың қосалқа мәдениеті мен ересектердің мәдениеті арқылы. Ересектер (ұстаздар) мен балалар шығармашылық бірлестігі, олардың серіктестігі қарым-қатынастың ерекше жиынтығын туғызып, білім берудің белгілі бір ерекшелігін көрсетеді. Осыдан қосымша білім берудің айрықша рөл атқаратындығы айқындалады.

ЮНЕСКО ның (Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы) анықтамасы бойынша «балаларға қосымша білім беру» өз еркімен және қажеттілігімен таңдайтын, баланың мәдени дара дамуына байланысты, формалды емес білім беру өрісімен сипатталады.

Қосымша білім баланың енгізілген кез келген қызмет құрылымына қосылады және стандартты қызмет түрлерінің алдында, не болмаса олардың соңында бола алады.

Құрылымдық қосымша білім жалпы орташа білім тізіміне, білімдік-мәдени бос уақытына кіреді, және де осы құрылымдарды жақындастырады және толықтандырады.

Заманауи қосымша білім – бұл көрсетілген облыстарды әр түрлі толықтыра алатын вариациялық білім:

- 1) пәндік білімді кеңейту;
- 2) жаңа құрамдас бөлікті қосу;
- 3) оны жаңа құралмен, еңбекпен және тілдесу құралымен жабдықтау арқылы, тұлғаның білімін кеңейту;
- 4) өз-өзін толық көрсетуге мүмкіндік беру арқылы, білім қызметінің уәждемесін күшейту.

Өзінің білім құрылымында «орналасқан жері» бойынша балалардың қосымша білімі мектепшілік бағдарламаға ұсынылған, мәдениет және ғылым облыстарымен қоса мемлекеттің білім стандартынан алыс орналасқан.

Балалардың жаңа қосымша білімі екі негізгі топтамамен ұсынылған: білімдік және мәдени-бос уақыт.

Егер баяғыда мәдени-бос уақытқа көбірек көңіл бөлінсе, қазіргі күнде, мектептегі білім беруде әр қашан қол жеткізуге қиын, балалардың танымдық қызығушылығын қанағаттандыру өрісіне байланысты, білімділік қызмет үлкен масштабқа ие болды.

Осындай беталыс, жалпы орташа және қосымша білім интеграциясына мүмкіндік беретін жетекші фактор болып табылады.

Қосымша білім:

- 1) негіздік тұлғаны дамыту дәмесін толықтырады;
- 2) бұл, білімділік мақсаты бар, білімділік нәтижені диагностикалап бағалайтын, қосымша білім беру программасын жүзеге асыратын, білімділік қызмет;
- 3) тұлға мен мемлекеттің қызығушылығындағы негізгі білімділік бағдарламадан тыс қосымша білім қызметтері.

Қосымша білім берудің негізгі бағыты – балалардың үздіксіз өзгеретін дара, әлеуметті-мәдени және білімділік қажеттілігін орындау.

Қосымша білім қазіргі таңда, үздіксіз білім беру жүйесіндегі ең маңызды, құнды, және қажетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Үздіксіз білімнің мақсаты – тұлға ретінде өмір бойы адамның толық дамуы, жылдам өзгеретін әлемдегі оның еңбек және әлеуметтік қоршаған ортаға бейімделуінің жоғарылауы, білім алушы ретінде қабілеттілігінің, ынтасының және мүмкіншілігінің дамуы.

Балалардың үздіксіз білім беру жүйесінде қосымша білім беру олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамытуына, олардың бос уақыттарын ұйымдастырып, дендік жетілдіруне, зияткерлік, адамгершілік сұраныстарын қанағаттандыруына бағытталған.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау үшін қосымша білім беруге қажет:

1) Жалпы және қосымша білім беру ұймдарында балалардың қосымша білім алуына нормативтік қаржылауды енгізу арқылы оқушылардың қосымша білім алуын бірдей мүмкіндігімен қолжетімділігін мемлекеттік кепілдікпенен қамтамасыз етуіміз керек.

2) Балаларға қосымша білім беру жүйесінің қазіргі заман талабына сай инфрақұрылымын құрастырып және де материалдық-техникалық базасын нығайту;

3) ведомствоаралық мінездегі балалардың қосымша білім беру жүйесін қамтамасыз ету, қосымша білімнің қол жетімділігін ұйымдастыру және де мүдделі ұйымдардың әрекетін бақылау.

1. Бүгінгі күннің басты міндеті – балаларды қосымша білім берумен қамтылуын арттыру. Бүгінгі күні мектептен тыс ұйымдарда балалардың саны 22,9%, жалпы білім беретін мектептерден балалардың саны 35,1%. Алматы, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында балалардың мектептен тыс ұйымдар жұмысына қатысуы әлі де төмен.

Мектептен тыс ұйымдардың жүйесін көбейтуден бөлек, біз бұл мәселені шешу үшін филиалдар және мектептерде бірлестіктерді ашып клубтар, секциялар, үйірмелердің санын көбейтуіміз керек.

4. Жергілікті орындарда қосымша білім беруді қоғамдық қолдау көрсету жүйесін қалыптастыру қажет (қор, кәсіптік бірлестік және т.б.)

Қосымша білім беру - жалпы мемлекеттік білім беру стандартына, жалпы білім беретін мектептерден тыс жерде де ойдағыдай меңгере алатын оқушыларға арналған білім беру қызметі мазмұнының көлемі. Қосымша білім беру білім беру ұйымдарының базасындағы мамандардың көмегімен іске асады және оның нақты қызметтерімен тығыз байланысты (оны толықтарады, кеңейтеді, тереңдетеді), бірақ одан ерекшелігі оқушылардың іс әрекетін педагогикалық басқару жолдарының өзгешелігінде.

Қосымша білім берудің ерекшелігі бала өзінің қабілетіне, қызығушылығына, бейімділігіне қарай іс әрекет түрін таңдауға құқығы бар. Қазіргі жаңа қоғамда қосымша білім беру, педагогикалық тәсілдерді гуманистік жаңартудың қайнар көзі болып табылады, ол балалардың сапалы білім алуы үшін шығармашылық талантын дамыту мен тәрбиелеуде шексіз мүмкіндіктер береді.

Балалардың қосымша білім алуы қазіргі қазақстандық қоғамда қалыптасқан маңызды білім беру кеңістігі болып табылады. Баланың өзіндік тұлғасын дамыту және оқыту, тәрбиелеу үйлесімділігі мемлекет пен қоғам тарапынан үнемі қолдау мен көңіл бөлуді талап етеді және ол әлеуметтік сұранысқа ие.

Жастар мен балалардың әлеуметтік-кәсіби тұрғыда өзін-өзі тануы, тұлғалық қабілеттері мен қызығушылықтарын, бейімділігін дамытудың айқындалған бір жолы қосымша білім берудің қызметінің маңыздылығы Қазақстан Республикасы 2012-2016 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы мен Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс қимыл жоспарында көрсетілген.

Бұл-қоғамға жат кез келген іс әрекетке қарсы, ұлттық салт дәстүрді қадірлеп, өзінің отанына деген махаббаты, отан сүйгіштік және азаматтық тәрбие негізінде адамгершілік қасиеттің толық қалыптасуы, қабілеттерін жүзеге асыруы, тұлғаның физикалық мүмкіндіктерінің, рухани және шығармашылығының дамуы.

Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесі білім алушылардың әртүрлі қабілеттерінің даму мүмкіндігінің бірегей потенциалы. Балаларға қосымша білім беру жас ұрпаққа балалық шағын толық қанды сезіну үшін жағдай жасайды. Бала ең басты өмірдің маңыздылығын: өмір сүрудің мүмкіндігі мен мағынасын таниды. Әрине,

қосымша білім беру әр жаңа бағытын ашқан сайын, балалардың өмірлік іс әрекетінің кеңістігі артады.

Егер бала өзін дамыта отырып, іс әрекеттің кәсіби алаңына шықса онда оның ересек кезде дұрыс таңдау жасай отырып үлкен нәтижелерге қол жеткізуге зор мүмкіндігі болады. Оқушыларға қосымша білім беру балалардың жеке шығармашылығын қадірлейді: өйткені оқушыларға арналған барлық білім ерекше құнды болып саналады. Осы білім арқылы өз әлемін ашып, сол әлемнен өз орнын табады.

Қосымша білім беру баланың сана сезімін, өзінің тұлғалық құндылықтарын қалыптастырады және ол біреудің көмегімен іс әрекет жасау әдетінен арыла алады. Ол өзінің шығармашылық қажеттілігін қанағаттандырады, қызығушылығын дамытады, өзінің жеке қабілетіне сай білімді меңгере отырып, білім алу мүмкіндігі кеңейе түседі.

Балаларға арналған қосымша білім берудің мазмұны- ол бағдарланған тәжірибе, бала өз бетінше ізденіп, еңбек, табиғат, мәдени және т.б. нысандармен өзара әрекет жасай отырып білім алады. Балаға өзін қоршаған әлемнен білім алып, өз жолын табу кезінде мол мүмкіндік пайда болады.

Балалардың кез-келген деңгейдегі интеллектуалды дамуы үшін, білім беру бағыты бойынша өз бетінше алға ұмтылысын қамтамасыз етуге болады. Баламен жеке жұмыс жасау әдіс-тәсілдерін барынша қолдану- қосымша білім беру мен оның бағыттарының әртүрлілігін қажет етеді.

Балаларға сапалы қосымша білім беру оның мазмұнды, салауатты өмір сүруді үйрете отырып, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін аша түседі және де қоғамдық маңызды нәтижелерге қол жеткізеді. Білім берудің бұл түрі оқушының бейімділігі мен қабілеттілігін, қызығушылығын және азаматтық - адамгершілік қасиеттерін, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың өмірлік және кәсіби тұрғыда өзін-өзі тануын дамытуға жағдай жасайды. Қосымша білім беру жүйесі шешетін талаптардың ішінде қоршаған ортаның сапасын арттыру мақсатында бақылаудан тыс қалған, құқық бұзған, нашакорлық пен ішімдікке әуестіктің алдын алу шаралары да қарастырылған.

Балаларға қосымша білім беру, әр түрлі білім беру мекемелерінің тәрбиелік мүмкіншіліктерін кеңейтеді. Балаларға қосымша білім беру жүйесі бала мен оның жанұясының, қоғам мен мемлекеттің «уақыт сұранысына» тез әрі нақты әсер тигізе алады.

Ауылдық жерлерде оқушыларға қосымша білім берудің ерекше маңызы бар, ол балалардың әлеуметтік мәдени сұраныстарын қамтамасыз етеді.

Балаларға қосымша білім беру аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі талаптарын шешуге ықпал етеді.

Балаларға арналған қосымша білім беру түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдарында жүзеге асады, балалардың қызығушылықтарына, жас ерекшеліктеріне қарай олардың іс әрекеттері ұйымдастырылады, потенциалдық және білім беру саласын (бір салалы немесе көпсалалы) айырмашылықтарына қарай дифференцияланған.

Балаларға қосымша білім беру әртүрлі, жан жақты бағытталған, көбіне вариативті болып табылады. Балаларға қосымша білім беру құндылығы жалпы білім берудің вариативті құрамын ұлғайтады және балаларға өзін кәсіби жағынан тануға көмектеседі, олардың мектеп базасынан алған білімі мен барлық күш жігерін салуға ықпал етеді.

Қосымша білім беру өзінің өткеніне қарамастан, қазіргі таңда жаңа келбеті айқындала түсуде. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының тұтас жүйесі қалыптасты және көптеген шексіз қосымша білім беру қызметтері пайда болды. Білім беру мен педагогика сияқты салалар үшін, балаларға қосымша білім беру, кертартпа өрісіне қарамастан, икемді болып өсіп келе жатыр.

Балаларға қосымша білім беру педагогикалық құбылыс ретінде бірқатар ерекшеліктерге ие:

- білім берудің тұлғалық бағыты;
- салалық;
- тәжірибелік бағыт;
- жинақылық;
- көпфункционалды;
- түрлі деңгейлік;
- мазмұны, түрі, тәсілінің жеткіліктілігі, осы жүйеде жұмыс істейтін мұғалімнің еркіндігі нәтижесінде;
- білім берудің әдістемелерінің керек сұраныс жағдай ретінде ерекшеленуі;
- оқушылардың белсенділігі арқылы оқудың тәрбиелік қызметін іске асыру;
- оқу материалдарының мазмұны арқылы бағдарлау қызметін іске асыру.

Осылайша, А.Г.Асмоловтың айтуынша, қосымша білім беру біріншіден, «экологиялық балалық шақты кеңейтумен айналысатын білім», екіншіден «жеке тұлға болуға мүмкіндік беретін білім», үшіншіден «шығармашылық үйіндегі жас бала, жас теңізшілер, жас натуралистер мектебіндегі бала кеме соғуды немесе қояндарды өсіруді ғана үйреніп қоймай, өміріндегі ең маңызды нәрсе – ол сол өмірдің мағынасын іздеп, өзін әртүрлі рөлдерде байқап көреді». Қосымша білім берудің маңызды міндеті осы болып табылады.

2. Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған қосымша білім беру мазмұнын жаңартудың мақсаты мен міндеттері.

Тұлғалық құндылықтарды қалыптастыра және мына сипаттамадағыдай «өмірдің кездейсоқ оқиғаларына қарсы тұруға, осы кездейсоқтықтың зиянды кері әсерінен қорғауға және қайырымды нәтижелер алуға мүмкіндік беретін» (К.Д.Ушинский), балаларға қосымша білім берудің мазмұны әртүрлі формада іске асады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының мамандарының басты назар аударатын нысаны дамып келе жатқан бала біртұтас әлем болып табылады. Олардың іс әрекеттерінің негізгі нәтижесі оқушылардың білімнің мәнін ұғынуға, түсінуге білімнің іс жүзінде қолданылуы туралы ақпаратты және оларды іс тәжірибеде қолдануға дайындық болып табылады.

Оқушыларға арналған жалпы орта және Қосымша білім беру ұйымдарының қызметтерінің мазмұны теориялар, пікірлер мен тұжырымдамалар негізінде айқындалады, кез келген адам шығармашылық өсуге және салауатты мүмкіндіктерге ие, егер адам өз өміріне деген жауапкершілікті толығымен өз мойнына алса бұл мүмкіндіктерді жүзеге асырудағы сәтсіздіктерден арылуға болады. Этикалық нормалар мен құндылықтар оқу топтары, клубтар, студиялар сияқты жан жақты бағытталған қауымдастықта қалыптасады. Тұлға аралық, топаралық қарым-қатынас оқушылардың өзара шығармашылық байланыстары және ересектердің әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды шешу негізінде түзеледі.

Қосымша білім беру әлеуметтік қоршаған ортамен ерекше қарым-қатынаста. Әлеуметтік орта нысандарының ерекшеліктерін өзгерту қосымша білім беру мазмұнының сипаттамасына әсер етеді. Олар жаңа функцияларды меңгеру керек және бұрынғы қабылданғандарын өзгертуге мәжбүр балаларда туындаған мәселелерге дер кезінде назар аудара отырып, оларды шешудің жолдарын шұғыл түрде табу керек. Қосымша білім беру ұйымдарындағы білім беру үдерісі жаңа білім іздеуде оқушылардың білімге деген құштарлығын көтермелей отырып, балалардың белсенділігін ынталандырып отырады.

Оқушыларға арналған қосымша білім беру басқа жүйелермен өзара әрекет етеді және балалардың қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында өздерінің ресурстарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру- білім өндірісінің қиын әлеміне балаларды енгізетін барынша дербестендірілген білім беру жүйесі. Бұл жүйе қосымша білім беруде жаңа мағынаға ие. Қосымша білім беруде білім ақпараттармен күрделі жұмыста барысында қалыптасады.

Бұл үдерістің негізгі табыс факторы қарым-қатынас пен іс әрекетке ие баланың білім алуға деген белсенділігі болып табылады.

Қосымша білім беру табиғатына байланысты, ашық білім беру жүйесі болып табылады. Білім берудің бұл түрі барлық оқушылар үшін және әрбір бала үшін қолжетімді. Мұнда білім берудің жаңа бағдарламалары, әдістері мен технологиялары жасалып, жүзеге асырылуда.

Қосымша білім беру ұйымдарының білім беру үдерісі балаларға *функционалдық сауаттылығын* меңгеруге көмектесетін бағдарламаларды қамту керек. Әр балаға білім беру алаңында әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыратын іс әрекеттің бірнеше түрлерін және оларды меңгеруге уақыт беріп, бейінді бағдарламаларды еркін таңдауына мүмкіндік беру керек. Білім беру үдерісінің тұлғалық - іс әрекеттік сипаты; кәсіптік бейімделу, кәсібилікке дейін және бастапқы кәсіби білім алуға мүмкіндік; балаларға қосымша білім беру ұйымдарының ерекшелігі-барлық іс шаралардың әлеуметтік мәдени бағыты болып табылады.

Қосымша білім беру-үзіліссіз үдеріс. Ол белгіленген уақытта аяқтауды қажет етпейді және бір кезеңнен екінші кезеңге жүйелі түрде ауысып отырады. Әуелі баланың шығармашылық іс әрекетіне арналған жағымды жағдай жасалады, одан кейін шығармашылық үдерістегі аз мөлшерде болса да меңгерген балалармен қызметтестікті қамтамасыз ету қажет. Бірлескен шығармашылық іс әрекеттен кейін адамның өмірінің соңына дейін ілесіп жүретін өзіндік шығармашылық үдеріс жалғасады. Осы аталған кезеңдер қосымша білім берудің мазмұндық ерекшелігін алдын ала анықтайды.

Мазмұн - бұл оның барлық элементтерін, біріккен ерекшеліктерін мен ішкі үдерістерін, қарама-қайшылықтарын, бетбұрыстарын сипаттайтын философиялық санат. Нысан мағынасын анықтаушы оны құрайтын элементтер (компоненттер) ғана емес, ол оның ішкі жағдайы, бір бірімен келіскен элементердің және ортаның бірлестігінің сипаттайтын және оның тіршілігінің, дамуын және өзгерісінің байланыстыратын жиынтық процессі; осы мағынада мазмұн процесс болып жүреді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім мазмұнына 13 бап арналған.

«Білім берудің мазмұны- бұл әрбір білім беру деңгейі бойынша білім жүйесі (жинақ). Ол тұлғаның жан-жақты дамуы мен құзыреттілігін қалыптастыруға арналған негіз болып табылады».

Педагогикалық энциклопедиялық сөздік бейімделген педагогикалық білім беру жүйесі ретінде оқытудың мазмұнын анықтайды, *жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін іскерлік,*

дағды, шығармашылық тәжірибесі мен әлемге деген қарым-қатынасын меңгереді.

Арнаулы білім адамдарға нақты қызмет саласына қажетті, білім мен іскерлік қабілеттерін береді. Жалпы білім беру мазмұны оқушылардың әлеуметтік, кәсіби емес іс әрекеттерге қатысуын қамтамасыз етеді, олардың дүниетанымын, мақсаттары мен құндылықтар жүйесін, жеке тұлғаның азаматтық ұстанымдарын, өмірдегі өз орнын табу және оған деген қарым-қатынасын қалыптастырады.

Заманауи дидактикада білім беру мазмұнын қалыптастыру мен оны қарастырудың бірнеше деңгейі ерекшеленеді.

Білім беру мазмұнының *теориялық деңгейінде* педагогикалық талдаудағы берілген қоғамдық қызметтегі әлеуметтік тәжірибелер жан-жақты жүйелілік көрсетілім ретінде белгіленеді.

Оқу пәні деңгейінде жалпы білім беруде өзіндік функциялары бар, білім беру мазмұнының нақты бөлігі көрсетілген.

Оқу материалдары деңгейінде оқыту курстарына кіретін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарында белгіленген меңгеруге болатын білім беру мазмұнының нақты элементтері беріледі. Білім беру мазмұны оқулықтар мен оқу жоспарларында, білім беру бағдарламаларында ашып көрсетіледі

Білім беру мазмұнының құрылымы кезіндегі әрекет етуші *негізгі факторы*, ол оқу алдында қойылатын қоғамның талабы мен мақсаты болып табылады. Білім беру мазмұны қоғамның экономикалық және әлеуметтік ілгерілеуінің бірден бір факторы болып табылады және мемлекеттің құқықтық жетілуі мен нығаюына, қоғамның дамуы мен өздігінен іске асыруына арналған шарттарды құруға, тұлғаның өзіндік ерекшелігін қамтамасыз етуге бағытталу керек. Білім беру мазмұны қоғамның кәсіби мәдениеті мен жалпы деңгейін қамтамасыз етіп, әлемнің заманауи білім беру деңгейін қалыптастырып, әлемдік және ұлттық мәдениеттегі тұлғалықты интегралдап, қоғамның кадрлық мүмкіндігін дамытып жетілдіруі керек.

Педагогикалық әдебиеттерде оқушылардың өмірге бейімделуі үшін білім алу әдістері мен тәсілдері, уәждемелік жиынтық құралдары сияқты білім мазмұнының анықтамалары кездеседі. Осыған байланысты білім беру мазмұнының дамуын білім беру ұйымдарында *уәждемелік жағдайды* анықтауға болады.

Мәдениеттің көптүрлілігі білім беру мазмұнының қайнар көзі болып табылады.

Оқушыларға қосымша білім беру мазмұны

Қосымша білім беру мазмұнына байланысты тұжырымдамалық зерттеулер қатары бар:

- заманауи адамының ділінің дамуындағы білім беру түріне қатысты стратегиялық мағыналар (Ю.В.Громыко, В.И.Слободчиков, Л.Г.Логинова, Г.П.Буданова, А.К.Бруднов, Л.Н.Буйлова);
- оның мәдени өзара ұқсастықтары, өмірдің мағынасын түсіну мен қабілеттілігін дамыту (Богуславский М.В., Исенко С.П., Каргина З.А., Леонтович А.В., Щуркова Н.Е.);
- экономикалық және гуманитарлық мүмкіндігін дамытуға арналған қалыптан тыс білім берудің рөлі (В.И.Панов, В.И.Козырь, Н.Ф.Трубицин, И.Н.Семенов и др.)

Бірақ бұлардың кейбіреулерінде ғана қосымша білім берудің нағыз тәжірибесіндегі мағыналарға кіретін кейбір механизмдер ғана анықталады немесе қосымша білім берудің дидактикалық үлгісін сипаттауға әрекеттер жасалады. (Л.Г.Логинова, Г.П.Буданова, А.К.Бруднов, Л.Н.Буйлова, Н.В.Кленова, А.В.Леонтович).

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына сәйкес қосымша білім беру білім берудің дербес түрі болып табылады, сондықтан оның мазмұны негізгі жалпы білім берудің мазмұнынан өзгеше болу керек.

Негізгі және қосымша білім берудің екі түрлі функциялары бар: негізгі жалпы - ұлттың мәдениетін қайта өңдеу, қосымша функция- осы мәдениетте әрбір адамның өздігінен дамуына деген мүмкіндігін дамыту. Бүгінгі күні бұл функциялар әлемде адамның тіршілік етуінің маңызды жақтарына әсер етеді: яғни, оның қауымдастық пен белгіленген ортаға тән мәдениеттің белгілі бір өкілі ретінде өзіндік сәйкестенуі; оның бірегей қасиеттерге ие өзін қайталанбайтын тұлға ретінде сезінуі, адамның шығармашылық тапсырмаларды шешуіне және өзінің өмірлік траекториясын құруға мүмкіндік береді; өзінің іс әрекетінің субъектісі бола алады. «Бұл қисында балаларға қосымша білім беру жәй элемент қана емес, тұлғаның субъект ретінде қалыптасуы мен ішкі жан дүниесінің өсуі (өздігінен дамуы және өзін өзі меңгеру) жалпы білім беру жүйесіндегі құрылымдық бөлік болып табылады». (5)

Негізгі жалпы және балаларға қосымша білім беру әр түрлі қалыптасуы керек, білім беру іс әрекетінің мақсатты тұжырымдалу деңгейінде және білім беру бағдарламалары мен әдістерінің жүзеге асырылу деңгейінде. Егер бірінші мәселе бойынша тұжырымдамалық зерттеу болса, екіншісі мәселеге қатысты қосымша білім беру жалпы орта біліммен, оның әдістерін пайдалануда, құралдарымен, (уақытпен шектелген оқу модулі; сабақ-оқу топтарының сабағы), ақпараттық өлшемдермен (оқу бағдарламаларының бөлім), оқушыларды аттестациялау әдістерімен (бақылау жұмысы, емтихан) әркез сәйкес келе бермейді.

Мұндай жол, сөзсіз, технологияланған: ол мазмұнды жалпы түрде анықтауға мүмкіндік береді және қолданылған білім беру үдерісінің

нәтижесін белгілейді: бірақ ол қосымша білім берудің базалық мінездемелерін анықтамайды.

Бұл ретте қосымша білім беру тобында сабақ беру басқа сабақтардан ешқандай айырмашылығы жоқ, немесе базистік оқу жоспарына енбеген, не кеңейтілген немесе тереңдетілген сабақ болып табылады. Сонымен білім беру нәтижесі бойынша оқушылардың меңгерген білімінің жиынтығы, іскерлігі мен дағдысы меңгерілуі тиіс, яғни оқу тобының жұмыстарының шеңберінде қосымша білім беру мазмұны жаңғырып, негізгі жалпы білім беру нәтижеге қол жеткізіледі.

Білім беру қызметінің басты ерекшелігі мұғалім мен оқушылардың кездесуі нәтижесінде «мәдени мұраның, адамгершілік іс әрекеттің қағидалары мен үлгілерінің» берілуі болып табылады.(6) Дәл осы жерде білім беру мазмұны жүзеге асады, бұл ретте негізгі жалпы білім беру адамның білімділігін құрайтын құзіреттілігі мен зияткерлігі үшін айрықша «жауап береді». Білімді эмоциялық-еріктік саланы қоса алғанда, қабілеттілік өз іс әрекетінің субъектісі болғанда ғана қосымша білім беру толықтырады. «Сонымен маңызды мәселелер барлық бағыттағы, барлық білім беру бағдарламалары, мейлі спорт немесе физикалық эксперимент болсын, қосымша білім беру мазмұнын жасаушы жалпы және инварианттық бөлігі қажеттілік болып табылады».

(5)

А.В.Леонтович болжам ретінде қосымша білім беру мазмұнын анықтауға жол табуды ұсынады. Оның құрылымы төмендегі бөлімдерде беріледі:

1. Қосымша білім берудің негізгі тематикалық бөлімдерінде таңдаулы бағыттарға жалпы бағдар, өз бетінше шығармашылық тапсырмаларды қоюға, бірнеше мүмкіндіктерден тұратын олардың шешімін табуға мүмкіндік береді, көршілес облыстар мен шығармашылық ассоциациялар туралы, ерекше шешім негізінде ақпараттарды білу жолдарын таңдауды ұсынады.
2. Іс әрекеттің әр түрлі түрлерін өз бетінше іске асыру тәжірибесі, меңгеруге негізделген негізгі бар тапсырмаларды шешу әдістеріне және өздерінің өзіндік әдістерін құрастыруға, жетістікке жету құралы мен нәтижелерді көрсетуге бағытталған
3. Қабілеттілік өз іс әрекетінің тұлғалық мағынасына, жүрісі мен нәтижелеріне, оларды мақсатты түсіну мен жеке өмірінің мәнін қалыпты түрде тұрғызуға қол жеткізеді
4. Қабілеттілік қоршаған ортамен қарым-қатынаста шығармашылық жетістікке жету үшін, қауымдастықтың қызметін ұйымдастыруға және тең құқылы қатысушы ретінде бұған дейін жұмыс жасап тұрған қауымдастыққа еруге мазмұнды байланысқа түседі.

Осының нәтижесінде, қосымша білім беру бағыттарының шеңберінде білім беру мазмұнын төмендегідей көрсетуімізге болады:

<i>Ақпараттық алаң бағыттарын меңгеру</i>	<i>Іске асырылған қызметтерде тәжірибе жинақтау</i>	<i>Рефлексті қызметтердің дағдыларын меңгеру</i>	<i>Кооперация мен коммуникация қалыптастыруда қабілеттерді дамыту</i>
---	---	--	---

Қосымша білім берудің кез келген бағыттары шеңберінде белгіленген мазмұн іске асады, бұл дегеніміз білім беру үдерісінің мәнісі болып табылады. Басқаша айтқанда, спорттық шеберлікті игеру, зерттеу жұмыстарының орындау, көркем шығармаларды жасау – осылар жас ұрпаққа берілетін төрт әмбебап құрамдас мазмұнының (барлық бағыттар үшін) материалы, құралы болып саналады. Осы ретте нақты бағытталған материалдарды меңгеру бала үшін кәсіпқойлық, әлеуметтендіру құралы ретінде мәні зор және т.б., бірақ дәл бұл қосымша білім берудің тапсырмалары үшін өзекті бола алмайды.

Балаларға қосымша білім беру мазмұны адамның өмірлік іс әрекетінің еркін кеңістігінде анықталады. Ол мәдени, ғылыми, әдеби, техника, экономика жетістіктері негізінде қалыптасады, өз-өзіне және қоршаған ортаға қарым-қатынасының мәдениеттілік құқығында, іс әрекет кеңістігінде және өзін-өзі тану пәніндегі сияқты өмір туралы білім, іс әрекет түрлері мен басқада бірнеше түрлерін жүзеге асыру жолдары бойынша жүзеге асады.

Қосымша білім берудің негізгі нәтижелері мемлекеттен ұсынылған оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында басты күзіреттілік жиынтығы болуы керек.

Бұл нәтижелерге қол жеткізу үшін төмендегі нақты міндеттерді шешу қажет:

1. Қосымша білім беру ұйымдарының бағдарламаларындағы артық жүктемелерден арылту керек. Қосымша білім берудің аспаптық бағыттары мен тәжірибелік бағдарын күшейту. Бұл дегеніміз терең және тәжірибелік білімге жетудің жетістігі болып табылады, білім беру үдерісінің бағыты тек білімді игеру ғана емес, негізгі күзіреттілікті меңгеруге бағытталуы керек.
2. Ақпараттық талдаудың тәжірибелік дағдыларын және өздігінен білім алуын қалыптастыруды кеңейте отырып, білім берудің технологияларын өзгерту керек. «Білім беру үдерісі адамның өздігінен білім алуын басқаруға, тұлғаның өзбетінше жобалау қабілетін қалыптастыру үшін ішкі жағдайды жасауға, өзін-өзі тану арқылы өзінің өмірлік жоспарын жүзеге асыруға бағытталуы керек». (3)

3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, негізгі жетістіктері мен пәндік құзіреттіліктерін дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету керек. Оқытудың деңгейін неғұрлым жоғарғы көтеруге үшін оқу жоспарындағы міндетті оқу сағаттарының үлесін азайту керек, жобалауға, зерттеу мен эксперименттік іс әрекеттер үшін өз бетінше жұмыс жасауға арналған уақытын көбейту керек.
4. Қосымша білім беру ұйымының бітірушілеріне құбылмалы әлемде әлеуметтік қалыптасу үдерісінде табысты қолдану үшін және тәжірибелік жағдайда тиімді пайдалану үшін білім мен дағды беру керек.
5. Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың негізгі бағыттары бойынша оқушылардың дайындалуына жағдай жасау керек.
6. Коммуникациялық құзіреттілікте білім алатын оқушылардың қалыптасуы үшін (қазақша, орысша ағылшын тілдерінде (шетел тілдері) жазбаша, ауызша, нәтижелі коммуникацияға қабілеттілігі) коммуникациялық тәртіптің маңызын арттыру керек.
7. Білім беру бағдарламаларының вариативті және қолжетімді дамуын қамтамасыз ету. Вариативті білім беру бағдарламасын дамыту, оқушылардың қабілеттері мен ерекшеліктерін оқыту кестелері және жекеленген бағдарламаларын қалыптастыру жолымен білім беру үдерісін даралауды және жіктелуін күшейту керек.
8. Қосымша білім берудің әлеуметтік- гуманитарлық, құндылық бағыттарын күшейте отырып, оның әлеуметтік және мәдени мәнін кеңейтуді және нақтылауды қамтамасыз ету керек.
9. Барлық деңгейдегі білім беру мазмұнының жүйелі механизмдерін құру.
10. Білім беру сапасын бағалау формаларын толықтай өзгерту қажет. Білім алу технологиясына жауапты білім беру нәтижелерін бағалау формасының бір түрі портфолио болып табылады.

Оқушыларға қосымша білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты, қосымша білім беру ұйымдарының тәжірибелік апробациядан шығу жолдары болып табылады. Бұл ретте жаңа үлгіге шығу аса міндетті болып табылады, ол білім берудің жаңа мазмұнының органикалық бірлігіне, білім беру үдерісінің жаңа формалық ұйымдарына, жалпы құрылымнан бастап жергілікті және жаңа білім беру технологияларына және білім беру сапасын бағалаудың жаңа формаларына бағытталуы керек.

Қосымша білім беру мазмұнын жаңарту үдерісінің жалпы бағыты келесі мақсаттармен анықталады:

- қоғамдық өмір және экономиканың өзгертілген талаптарына сәйкес білім беру мазмұнын кірістіру;

- заманауи функционалды сауаттылық және жалпы білімділікті түсінудің жаңа талдау берілуі;
- білім беру мазмұнының ажырамайтын және маңызды компоненті сияқты білім беру технологиясын жаңарту;
- білім беру мазмұнының тұрақты жаңарту механизмін құру;
- қосымша білім беру мазмұнының жаңалануы бойынша барлық тәжірибелік - бағытталған сипат.

Осылайша қосымша білім беру, балалар мен жасөспірімдерге олардың болашақтағы жетістіктеріне бағытталған айрықша бағдарламалар мен технологияларды ұсынған жағдайда басым сұранысқа ие болады. Білім беру бағдарламалары ұстаздардың іске асырған қосымша білім беру қызметтерінің түрлі бағыттары бойынша заманауи тәжірибелер, салт-дәстүрлер, көп өлшемді және біріктірілген оқу және тәбиелеу үдерісімен қамтамасыз ету, мемлекеттік, қоғамдық реттеу және отбасылық тәрбиені жаңартуға бағытталуы керек.

3. Қосымша білім беру мазмұнын жаңартудың жолдары

Бұл кезеңде жүйесін дамыту үрдісін негізі қосымша білім беру мазмұнын жаңарту болып табылады.

Қазақстан Республикасы заңының 13 бабында білім беру мазмұнын оқу жүйесі ретінде (комплекс) білім берудің әр деңгейі бойынша анықтайды, тұлғаның жан-жақты дамуы мен құзіреттілігін қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

Оқушыларға қосымша білім беру мазмұны балалардың рекреативті-сауығуын дамытуды, жаңа әлеуметтік тәжірибесін ұйымдастыру мен қалыптастыруды, балалардың жеке дамуына психологиялық-педагогикалық көмек пен қолдау көрсетуді қамтиды. Осындай шынайы фактор кездеспейтіндігі сияқты қосымша білім беру ұйымдарының ерекшелігі қосымша білім беру ұйымдарындағы білім беру стандарттарында, балалар бірлестігінің тіршілігі ретінде, тәрбие үдерісін саралау (әрдеңгейлік, мамандандыру, жалпы қызығушылығы негізінде балаларды біріктіру мүмкіндігі), даралану (уақытты реттеу, қызу қарқын мен кеңістікті ұйымдастыру) білім беру мазмұнын меңгеру кезінде, өзін-өзі тану үдерісіне қарау; балалардың өз ойын білдіру және өзін-өзі жетілдіру, педагогтар мен тәрбиеленушілердің арасындағы қарым-қатынас тұлға аралық нағыз диалогтік сипат мүмкіндік береді.

Оқушыларға қосымша білім беру ұйымдарының білім беру қызметін жетілдіруде білім беру саласымен бірлесіп және мектептегі білім беру мазмұнын толықтыруда жалпы білім беру мектебінде тереңдетіліп және кеңейтіліп алған білім арқылы жүзеге асады.

Жалпы білім беру мемлекеттік стандартынаң тыс, балалардың меңгеру күтілуде қосымша білім беру мазмұнына енгізеді. Ол бірнеше бағыттар бойынша жаңғыртылады:

- бүгінгі күндегі лингвистикалық, компьютерлік, туристік сияқты т.б. маңызды бағыттарды енгізу.
- қосымша білім беру ұйымдары өлкетану бағыттары сияқты ауыл, қала, облыс мәселелерінің дамуына көңіл бөлінетіндігі айқын көрінеді
- жаңа білім беру мазмұны педагогика, психология, логика сияқты педагогикалық бағыттағы пәні болды.
- негізгі және қосымша білім беру ресурсты орталық ретінде ынтымақтастықтың жаңа формалары іздестірілуде. Білім берудің жаңа мазмұны қосымша білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі жастағы балалардың келуін талап етеді. Жаңартылған білім беру мазмұны жасөспірімдер мен жоғарғы сынып оқушылары үшін қажет. Бұл кәсіби және өмірлік өзін-өзі тануда, әлеуметтік және әлеуметтік шыңдау үшін мүмкіндік беретін, белсенді өмірлік ұстанымдар мен көшбасшылық қасиеттерді дамыту мақсатындағы іс әрекеттер болуы мүмкін. Оқушыларға қосымша білім беру жүйесі бір жағынан мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балаларды және бір жағынан дарынды балаларға көңіл бөлуді талап етеді. Қосымша білім беру бағдарламасы осы санаттағы балалар үшін білім берудің жаңа мазмұнының құрайтын барлық үш бағыты бойынша: оқыту, тәрбиелеу, дамытуды талап етеді. Оқушыларға қосымша білім беру ұйымдарының мазмұнын жаңарту олардың іс әрекеттеріне ата-аналарының қатысуын қамтамасыз етуді талап етеді.
- Оқушыларға қосымша білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің жаңа салаларын, әр деңгейдегі, кешенді, дифференциялық білім беру, балалар шығармашылығына қолдау мен дамыту, әлеуметтік-педагогикалық және тәрбиелеу іс әрекеттері есебінен жүргізуге болады. Балалардың ғылыми шығармашылық дамуында, олар үшін еңбек нарығын құрып, сауықтыру бағдарламалары, оңалту, кәсібилікке дейінгі және бастапқы кәсіби дайындық сертификаттарын беру мен басқа да қосымша білім беру бағдарламаларына тек қана қажеттілік емес, мүмкіндікте туып тұр.
- Қосымша білім беру сапасының көрсеткіштері оның мазмұнының сипаттамасын, практика мен теорияның үйлесімділігінің бірігуін, классикалық және заманауи білім беру, оқыту, тәрбиелеу, дамыту болып табылады. Осы кезеңдегі қосымша білім беру мазмұнын жаңарту үдерісі біраз мәселелер қатарын ерекше айқын көрсетеді. Бұл бәрінен бұрын, қосымша

білім беру мазмұнының негізін, қағидаларын, сұрыптау талаптарын анықтау. Мазмұны бойынша нақты бейінді бағыттарды неге байланысты іріктеп алу керек? Неге балалар қандай оймен және қандай қарқында дәл осыны меңгеруі керек. Неге пәннің мазмұнын осылай құру керек, басқаша жасауға бола ма, және қайсысы тиімді? Бұл балаға не береді?

- Қосымша білім беру ұйымдарындағы үдерістің мазмұнын жаңарту нормативтік және қосымша білім беру бағдарламасы мазмұнының тұжырымдамалық негізінің, әртүлі авторлық жұмыстардың, оларды жүзеге асырудағы нәтижелігіне қойылатын талаптардың болмауында. Оқушылардың зерттеушілік және жобалау іс әрекеттері негізінде білім беру бағдарламалары, балалардың қызығушылықтарына бағытталған және жеке ерекшеліктерін дамытуға, жаңа оқыту технологиялары мен белгіленген балама жүйе мен үйірме жұмыстары сияқты білім берудің жаңа түрлерін жасау қажет. Әртүрлі санаттағы балалармен жұмыс жасау үлгілерін, соның ішінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының кәсіби бағыттарының жүйесін құру қажет.
- Бұл жағдайда қосымша білім беру мазмұнын жаңарту маңызды міндет болып табылады. Қосымша білім беру мазмұнын қалыптастыру үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында белгіленгендей әлеуметтік, психолого-педагогикалық зерттеулер жүргізу керек. Қосымша білім беру мазмұны құндылықтарды қалыптастыру деңгейі айқын көрінетін, адамгершілік, мінез құлық ережелерінде, қоғамда ойдағыдай әлеуметтену қабілеттерінің және бірыңғай идеологиялық негізде еңбек нарығына бейімделу белсенділігінде нақты нәтижелерді қалыптастыруға бағытталған болуы керек.

4. Балаларға қосымша білім беру бағдарламасын жаңарту – қосымша білім берудің мазмұнын жаңарту шарты

Жаңа мән-жайларда оқушыларды оқыту үдерісі қосымша білім беру ұйымдастыруда «*білім өмір бойы*» тұжырымдамасын іске асыруына себепші болатын құзыреттіліктер дамуына бағытталуға тиіс. Құзыреттілік дамудың алғышарты ретінде *функционалдық сауаттылықтың* белгілі деңгейі болуы болып табылатыны анықталған, яғни «қолданбалы білімдер негізінде адамның әртүрлі өмір салаларында мен қызметінде стандартты өмір мәселелерін шешу қабілеті».

Қосымша білім беретін педагогтың міндеті балаға, жасөспірімге өзі жөнінде айтуға, өзінің қайталанбастығын, шығармашылық

даралығын, өзін көрсетуге жол беретін білім беру үдерісін ұйымдастыру болып табылады.

Қосымша білім берудің маңызын игеруге балаға көмектесетін педагогикалық қолдаудың нысандылық құралы ретінде білім беретін оқу бағдарламасы болып табылады.

Білім берудің ерекше түрі ретінде қосымша білім беру мақсаттарын жетуді қамтамасыз ету үшін бағдарламаларды жобалауға әдістемені өзгерту қажет. Осындай бағдарламаларды жобалаудың ерекшелігі педагог пен балалардың бірлескен қызметі болып табылады: бағдарламаның мәселесін таңдау және мазмұнын әзірлеу.

Қосымша білім беру бағдарламасын жобалау үдерісі қиын және бір мағыналы емес. Ойдағыдай жобалау үшін педагог осы бағдарлама балалармен білімдер, машықтар мен икемдерді игеруіне емес, бірінші кезекте жасампазды өмір тәжірибесін игеруіне бағытталғанын түсінуі тиіс. Осындай бағдарлама тек педагог өзімен ғана жобалана алмайды, бұл тәрбиеленушілермен бірлескен шығармашылық үдерісі. Педагог балалардың даму бір келкі еместігін, сондай-ақ баланың жеке дамуында педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігін есепке ала отыру қажет.

Қосымша білім беру педагогтың, оған қосымша білім беру бағдарламаларын жобалау және іске асыру тәжірибесін алуға жол беретін арнайы дайындығы қажет, олардың мазмұны балалар мен жасөспірімдердің жеке маңызды мәселелерін анықтайды.

«Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында жеке тұлға, қоғаммен мемлекеттің мүддесі үшін білім алушының білім алу және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің оқу бағдарламалары іске асырылады» (Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы).

Бағдарлама (грец. «өкім») – бұл нормативті үлгі, белгілі мерзімдерге ұштастырылған бірыңғай мақсатқа жетуге бағытталған қызметті жоспарлы жүзеге асыруға ұйғарылған құжат

«Білім беру бағдарламасы» ұғымы жалпыға мәлім, алайда оның мағыналы толтырылуы шексіз саналуандығымен ерекшеленеді.

Оқу топтың немесе балалар ұжымының білім беру бағдарламасы – қызметтің мәлімденген мақсаттарына сай, мақсаттарға жетудің шарттарын, әдістері мен технологиясынан және болжамды түпкілікті нәтижеден тұратын педагогикалық тұжырымдаманы шағылыстыратын құжат.

Бағдарламада білім берудің негізделген мақсаттары мен мазмұнына сәйкес ұйымның құрылымы, жүзеге асырудың жүйелілігі, білім беру үдерісінің ақпараттық, технологиялық және ресурстық қамтамасыз етуі ашылады. Жаңа әулетті бағдарламалардың татымды

негіздері болып балалар мен жасөспірімдердің жеке маңызды мәселелері шығады.

«Білім беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес «білім беру бағдарламасы білім беру мазмұнын анықтайды».

Үлгілік оқу бағдарламасы білім беру салалар мазмұнын, тиісті үлгідегі оқу тәртіптерінің тақырыптарын, оларды зерделеудің деңгейлерін, қосымша білім алудың мерзімдерін зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтайтын нормативті-құқықтық акті болып табылады. Қосымша білім берудің типтік оқу бағдарламасы оқу-тақырыптық жоспары, білім беру салаларды зерттеуге бөлінген уақыт, тақырыптар, оқу тәртіптері, оқу түрлерінен, оқу және тәрбиелеудің ұсынылатын нысандар мен әдістерден тұрады.

Балалар музыкалық, көркем және өнер мектептерінің үлгілік оқу бағдарламалары балаларға қосымша білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдармен әзірленеді және Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

Бір тақырыптық бағыттағы білім беру бағдарламалары, кешенді, ықпалдасатын бағдарламалар, мүдделер бойынша бірлестіктер бағдарламалары балаларға қосымша білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымының басшылығымен бекітіледі.

Қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламалары олардың қабілеттерін іске асыру, қоғамдағы өмірге бейімделу, азаматтық өзіндік сана-сезімді, жалпы мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мағыналы бос уақытты ұйымдастыру үшін шарттар жасауды көздейді.

Осы Заңның 23-бабына сәйкес балалардың қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламалары білім алушылардың және тәрбиеленушілердің білім беру және мәдениетті қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған.

Жаңа кезеңдегі қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламалары қиындықтың әр түрлі деңгейлерден тұруы тиіс және педагогқа қандай да бір балалар тобымен немесе жеке баламен жұмыстың кез келген нұсқасын табуға көмектесуі тиіс.

Олар ашық үлгілі болуы тиіс, яғни кеңейтілуге, нақты педагогикалық міндеттерді есепке алумен белгілі өзгертілуіне бағытталуы, мазмұндылығымен, нұсқалығымен, пайдаланудың иілгіштігімен ерекше айрылуы тиіс.

Олардың негізінде нақты ұйымның әлемеуттік-мәдениетті ерекшеліктеріне, дәстүрлеріне, шарттарына, білім алушылардың, олардың ата-аналары мен педагогтарының әртүрлі топтарының мүмкіндіктері мен мүдделеріне сәйкес келетін жұмысты құруға болады.

Бағдарламада төмендегілер сияқты қасиеттері болуы тиіс:

- өзектілік (ең қиын мәселелерді шешуге арналу);

- болжамдылық (ертеңгі күнгі талаптарына және өзгерілетін шарттарына сәйкес келу);
- тиімділігі (максималды пайдалы нәтижені алу үшін оларды жету тәсілдері мен мақсаттарын анықтау);
- реалистігі (нақты қаржы, кадрлық, уақытша негіздеу болуы);
- түпкілікті нәтижелерді бағалау (белгілі мақсаттарды жетуге алынған нәтижелерді тексеру тәсілі болуы).

Білім беру бағдарламасының мазмұны арқылы келесі міндеттер шешіледі:

1) негізгі білім беруде балаларды қызықтыратын қызмет түрлері мен бағыттарын өтеу. Бағдарламалар келесі мақсаттарды көздеу қажет:

- балалардың білім беру сұранымдары мен мұқтаждығын дамыту негіздері ретінде жеке баланытану мен шығармашылыққа баулуды дамыту;
- баланың даралығын, жеке мәдениетін, коммуникативті қабілеттерін, дарындылығын дамыту;
- балалардың психофизикалық және ақыл-ой дамуын түзету;
- балалар мен жасөспірімдердің асоциалдық мінез-құлығын алдын алу.

2) балаға қолайлы эмоционалдық ортаны – «жетістік жағдайын» және дамийтын қатынастарды қамтамасыз ету.

3) жеке білім беру бағытын және оны игеру қарқындылығын таңдауға қолдау жасау.

Бағдарламаларда білім берудің зайырлы және ізгі сипаты, жалпы адам құндылықтар басымдылығы, баланың өмірі мен денсаулығы, жеке баланың бос дамуы артықшылықтары сақталуы тиіс.

Бағдарламалардың мазмұны:

- жалпы әлемдік мәдениет жетістіктеріне, қазақстандық мәдени дәстүрлеріне негізделуі тиіс, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптасуы міндеттеріне, өңірлердің мәдени-ұлттық ерекшеліктеріне жауап беруі тиіс;
- балалардың даму деңгейін есепке алуы тиіс;
- білім беру үдерісті ұйымдастыру шарттарын ашуға, сондай-ақ білім беру үдерістің материалдық-техникалық, ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етуге тиіс.

Балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру үлгілеріне (тәсілдеріне) байланысты, Д.И. Яковлев пікірінше, қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларының әртүрлі түрлері қолданылады.

Жаңартылған (бейімделген) бағдарлама – балалар топтарын ұйымдастыру және құру ерекшеліктерін, қызметті жүзеге асырудың режимін және уақытша параметрлерін, оқу және тәрбиелеудің жеке нәтижелерінің бір қалыпты еместігін есепке алумен өзгертілген бағдарлама.

Эксперименттік бағдарлама - оның мақсаты оқу мазмұнын, ұйымдастыру-педагогикалық негіздерді және оқу әдістерін өзгерту, білімдердің жаңа өрістерін ұсыну, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу болып табылады.

Авторлық бағдарлама педагог және педагогтар ұжымымен толық жазылған, оның мазмұны –жаңашылық пен өзектілікпен ерекшеленетін білім берудіге мәселелер шешудің ұсынылатын құралдар жиынтығы.

Авторлық бағдарламалардың мақсаттары - балалардың тұрақты өзгеріп жатқан қажеттіліктер мен сұранымдарды қанағаттандыру, олардың шығармашылық дамуы мен мәдени құндылықтарға баулу мүмкіндіктерін құру болып табылады. Бағдарламаның мәтінінде мақсатты нақтылау – міндеттерді – мақсатқа жету жолдарын анықтау арқылы жүзеге асырылады. (17).

Осы күнге дейін қалыптасқан тәжірибеге сүйеніп, Н. Попова «жалпы – кәсіби» нышандары бойынша балаларға қосымша білім беру бағдарламаларының түрлерін көрсетеді.

1. Қосымша білім берудегі жалпы дамытатын бағдарламалар бәрінен бұрын баланың жалпы мәдениетін қалыптастыруға, әлеуметтік тәжірибесі мен әлем және өзі жайында білімін дамытуға бағытталған. Мұнда баланың танымдық қызығушылығын қанағаттандыру болжанады. Ол нақты бір білім беру саласыда ақпаратпен қамтылады. Қатынасу дағдысы және бағдарламаны меңгеруде бірлескен қызмет жасауды үйретіледі. Бұл бағдарламалар түрі білімділіктің негізгі стандарттарын қалыптастыруына бағытталған.

2. Арнайы бағдарламалар, балалардың дарындылықтарын анықтап соны дамытуына, таңдаған қызмет түрінде белгілі бір білім және қабілеттер алуына арналған. Бұл бағдарламалар жеке саладағы құзыретті дамытуға, дағдыны тәжірибелік деңгейде қалыптастыруына арналған.

3. Кәсіби бағытталған бағдарламалар, балаларға белгілі бір мамандықтың қызмет аясымен таныстыруға, өзінің жеке мүмкіндіктерін анықтап, кәсіп таңдауға, кәсіби білім мен шеберліктің негізін алуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалар міндеттер құрып, соны шешу жолдарын табуды, мәселелерді тани білуге және де белгілі бір пән немесе сала аймағында білімділіктің жоғары көрсеткіштеріне жетуді алдын ала қарастырады.

Л.Г. Логинова балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын оқыту мақсатына байланысты ажыратады.

Танымдық. Оқып жатқан пәннен терең білім береді, зияткерлік қабілеттерді дамытады, ой өрісін дамытады, балалардың танымдық іс әрекетке деген уәждемесін оятады. Продуктивті, репродуктивті, шығармашылық, ізденушілікке ары қарай бөлінеді.

Ғылыми-зерттеушілік бағыттағы бағдарламалар. Авторлық идеяны іске асыру, зерттеулік жұмысқа қажетті қабілеттерді

калыптастыру, оқушылардың ғылыми жұмысқа деген шығармашылық икемділіктерін анықтап, оны ары қарай дамыту бұл бағдарламалардың мақсаты болып табылады.

Әлеуметтік бейімделу бағдарламасы. Оларың мақсаты – ол балалардың жағымды әлеуметтік тәжірибені, әлеуметтік орны мен ұстанымдарды қалыптастыру және де құнды бағыттарды қалыптастыру.

Кәсіби-қолданбалы бағдарламалар кәсіби білімді, дағдыланған және епті маманды даярлайды, белгілі бір актуалды салада тәжірибелік дағды мен ептілікті қалыптастырады.

Спорттық-сауықтыру бағдарламалар салауатты өмір салтын ұстануға көмектеседі және денсаулықтың профилактика жүйесін дамып оны түзеуге насихаттайды.

Балалардың көркемділікте дарындылығын дамытатын бағдарламалар дарындылықты анықтап, оны дамыту және сақтап қалуға бағытталған.

Бос уақытқа арналған бағдарламалар белсенді-іскерлік, эмоционалды және психологиялық жайлылықпен тұлғаның бос уақытын өтуге көмектеседі.

Педагогикалық қызметтің мазмұнымен үрдісіне байланысты бағдарламалардың келесі түрлері анықталады:

Кешенді бағдарламалар, үрдістерді, қызмет түрлерін, бағыттарды, жеке салаларды белгілі түрде бір тұтас қылып біріктіреді.

Ықпалдандырылған – біріктіретін, белгілі бір бірлестіктің негізінде тұтастықты орнына келтіретін бағдарлама.

Модульдік – мазмұнының ұйымдастыруы бойынша тұрақты, тәуелсіз, тұтас блоктардан құрастырылған бағдарлама.

Тура бағдарламалар балалардың жас ерекшеліктеріне, олардың топтағы санына, денсаулық көрсеткіштеріне қарай материалдар негізінде анықтап бағыттарға бөледі.

Бос уақыттағы мәдени бағдарламалардың ерекшеліктері мен түрлері

Мәдени бос уақытта ұйымдастырылатын іс-шаралардың ерекшелігін түсіну үшін, бәрінен бұрын жалпы мәдени іс шаралар бағдарламасының балаларға қосымша білім беру бағдарламасынан ерекшелігін айтуымыз керек. Бұл айырмашылықтар келесілерден тұрады:

Бос уақыттағы мәдени іс шаралар бағдарламасы әдейі ұйымдастырылған пән немесе нақты курстарда үйретілмейді. Керісінше, қалың көрерменге іс шараларды даярлау және өткізу кезінде іске асырылады.

- алдын ала қарастырылған білім мен ептілік сабақтан тыс өздік жұмыс үрдісінде, ересектер мен балалармен бос уақытта араласу кезінде меңгеріледі;

- субъектілердің бос уақыттағы білім ақпараты және әлеуметтік тәжірибенің көзі болып педагогтар, балалардың өздері және олардың ата аналары болып табылады;
- қазылар алқасы, жүргізуші, сақынаға қатысты жұмыс істеуші, жарық беруші, көркемдеуші, дизайнер, костюмер, суретші, авторлас, тыңдаушы, орындаушы, ұйымдастыру және де т.б. бағдарламаны іске асыру жолында бейдәстүрлі оқушының рольдері қарастырылады;

Мәдени бос уақытты өткізудің негізгі бағдарламаларын анықтау, бұл жерде орынды болады. А. Б. Гальченко Санкт-Петербург жасөспірімдер сарайының методисті назар аударарлық бағдарламалар түрінің классификациясын даярлап, оның қысқаша мазмұнын ұсынады. Классификация негізіне екі фактор алынған: Балалардың бағдарламаға қатысуы және де оның уақыт ұзақтығы.

Бұған сәйкес бағдарламалардың 6 түрі ерекшеленеді:

- бір жолдық ойын бағдарламасы;
- берілген тақырып бойынша сайыс-ойын бағдарламасы;
- ойын-қойылым;
- театрландырылған сюжеттік ойын;
- қойылым;
- Мереке
- Ұзақ бос уақытқа арналған бағдарлама
- Бір жолдық ойын бағдарламасы қатысушылардың

дайындығын талап етпейді. Балалар «қозғалыс» кезінде ойынға, биге, хормен ән айтуға қосылады. Мұның өзінде балаларға ұсынылған ойындар әртүрлі болуы мүмкін: үстел үстіндегі интеллектуалдық ойындар, ойынханадағы ермек, дискотекадағы, залдағы, шеңбердегі қозғалыс жарыстары мен ойындары. Мұндай ойындар қатысушылардың жас ерекшелігіне қарай жарты сағаттан да асуы мүмкін. Әрине, ұйымдастыратын педагог-ұйымдастырушы. Ойын бағдарламасының қызықты болуы олардың кәсіпшілігіне, таланттылығына және тәжірибесіне байланысты. Ойын барысында, әр баланың көзге ілінбей қалып, ренжіп кетіп қалмай, ойынға белсенді қатысып, шаттыққа орнағаны өте маңызды.

- Ойын бағдарламаларын өткізуде балаларға ойынды ұйымдастыру тәсілдерін көрсетіп, ойынға үйретудің маңызы зор. Балалар әзіл ойындарын, ұтыс ойынын, игры-перевертыши (аударыспақ-ойындарын) аса қызығушылықпен ойнайды. Сол арада жылдар бойы жаңартылмаған ойын тәсілдеріне қызығушылық жоғалады. Ойын бағдарламасына түсініспеушілік туғызатын әдепсіздік жағдайларының болмауын ескерген жөн. Өкінішке орай, ересектер ойын тәжірибесіндегі

әдепсіздікке деген тенденция балаларға арналған ойын бағдарламаларынан орын табуда.

- **Бір жолдық ойын бағдарламасы қандай болуы тиіс?**

Кейде сахналық жоспардың бар болғаны жарап жатыр. Бірақ, әдеби сценарий ойынды ұйымдастырушының қаншалықты шебер екендігін, педагогикалық мәдениеттілігін, дәрежесін растайтын құжат болып табылады.

- **Берілген тақырып бойынша жарыстық ойын бағдарламасы** қатысушылардың алдын ала дайындығын қарастырады. Бұл жарыс, КВН, не болмаса, түрлі интеллектуалдық ойындар да болуы мүмкін.

- Педагог жарыстық ойын бағдарламаларын дайындауда және өткізуде кейбір жолдарды білуі тиіс. Мысалы, **КВН** ұйымдастыруда ойынды қарапайым емтиханға айналдырмай, балалардың ой желісін, қиялын, ойдан шығарғанын ортаға салудан шектемеген жөн. Сонымен қатар, балалардың дербестігі азғана педагогикалық басқарумен қадағаланғаны да жөн. Өйткені, олай болмаған жағдайда ойында әдепсіздік элементтері пайда болуы мүмкін. КВН–нің басты мақсаты – қоршаған ортада, өз жеке басында күлкілі құбылыс көруге, не парасатты әзілге құштарлығын ояту. Басқа бір мысал, орта және жоғары буын сыныптары арасындағы **интеллектуалдық ойындар**. Бұл ойындар тек адамның ойлау қабілеттерінің арқасында жүзеге асырылады.

- **Ойын-қойылым.** Ойын қойылымды өткізу үшін ойын бағдарламасын өткізетін жүргізушілер тобы қажет. Ережеге сай, олар - педагог-ұйымдастырушылар, қосымша білім беру педагогтары, жас мектеп мұғалімдері.

- **Театрландырылған сюжеттік ойын** әртістермен мен көрермендердің белгілі бір атмосфераға енуін, нақты ойын жағдайының құрылымын, және біраз уақыт дайындықты талап етеді. Мұндай ойындардың тақырыбы әр түрлі болуы мүмкін, оны жоғары сынып ұжымдарында өткізген жөн.

- Очень важно воспитать у детей зрительскую культуру - умение спокойно, доброжелательно воспринимать выступления своих сверстников.

- **Ойын-сауық** (концерт, әдебиеттік музыкалық композиция, спорттық жарыс және т.б.) орындаушылар мен көрермендердің қамтылуымен сипатталады. Орындаушы – жас әнші, биші, гимнаст үшін сахнаға шығу – үнемі қобалжу. Ал, көрермен эмоциялық сипатта бағдарламаға қатысушы болса да, қабылдаушы субъект болып қалады. Балалардың көрермендік мәдениетін тәрбиелеу – өз жолдастарының қойылымдарын салмақты, тілектестікпен қабылдай білу.

Мереке – дайындау мен ұйымдастырылуы бойынша ерекше маңызды және көп еңбек еткенді қажет ететін бос уақытқа арналған бағдарлама түрі. Ол балалардың белсенді қатысуымен қызмет түрлерінің және әдістерінің сан түрлілігін болжайды. Ойын-сауық қатысушылармен таңдала алады немесе барлығы үшін бірінен соң бірі өтеді.

Мәдени-бос уақытқа қызметтің мерекелік түрлері сан алуан. Оларға жататындар:

- Слеттар, көрмелер, конкурстар, шығармашылық есеп беру, бала шығармашылығының фестивальдары,
- сәлемдесу, презентациялар, салтанаттар,
- қыдыру, карнавалдық жүрістер, театрландырылған көрсетілімдер,
- физикалық мәдени мерекелер,
- тақырыптық апталар, тақырыптық күндер және т.б.

Ұзақ бос уақытқа арналған бағдарлама қатысушылар құрамының тұрақтылығымен (үйірме, клуб, сынып, мектеп параллелі және т.б.) ерекшеленеді және бірнеге күн, апта, кейде жыл бойы және одан көп уақытқа созылады.

Заманауи ұзақ бос уақытқа арналған бағдарламалар мазмұны бойынша пионерлік ұйымдарда кең таралған сюжетті-рольдық ойындарға ұқсайды.

Ұзақ сюжетті-рольдық ойындардың бірнеше арнайы ерекшеліктерін бөлуге болады:

- Дамытушы әлеуметтік идеяның (сюжет) болуы;
- Балалардың ұжымдық шығармашылық қызметтің болуы (жүйе құрушы фактор ретінде);
- Ойын рольдерінің сан алуандығы, оларды еркін таңдау және ауыстыру (жеке бас өзін көрсету үшін);
- Ойында оң мінез-құлық моделін жасау және бекіту;
- Күнделікті өмір әсері мен ересектердің диктатын азайтатын қорғаушы ойын ортасын жасау.

Қызмет бағдарламасы ретіндегі сюжетті-рольдық ойын әр түрлі жалпы білім беру мектептері аясында, жазғы демалыс лагерінде, қосымша білім беру жүйесінің балалар бірлестіктерінде – педагогикалық жүйелерде қолданыла алады.

Мұндай бағдарламаның міндетті ережесі – әрқайсысы керемет оқиғамен аяқталатын нақты сатылардың болуы. Мысалы, «ережелермен сапарға шығу», «робинзондтар» пәндік апталар, «енумен» сипатталатын жағдайлық-рольдық ойындар. Соңғы онжылдықта тәжірибе жинаушы педагогтар қызығушылығына ие болған жағдайлық-рольдық ойындарды өткізу бойынша тәжірибе жинақталған.

Бағдарламалардың көп түрлілігінен әр қашан оңтайлысын таңдап алуға немесе өз авторлық бағдарламаны жасауға болады. Дайын

бағдарламаны ғана ұсынып қоймай, оны құрастыруға балалар мен ата-аналарды қатыстыруға болады. Қосымша білім беру ерекшелігі оның барлық бағдарламалары бірыңғай мемлекеттік стандарт түрі бойынша жоғарыдан талап етілмейтіндігі, бірақ өсіп келе жатқан ұрпақат нені біліп, нені үйрену керектігін анықтап, балаларға олардың қызығушылығы мен табиғи қабілетіне байланысты таңдау арқылы ұсынатындығы болып табылады. Бағдарламаларды жүзеге асыру әр түрлі бағыттағы қызмет негіздері бойынша жасөспірімдердің білім алуы, үйренуі үшін, коммуникативтік дағдыны дамытуға, жасөспірімдердің қоғам өміріне азаматтық позициясын көрсетуге, қоршаған болмысты дұрыс жартылай өңдеуге шарттар жасайды. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын тәрбиеленушілердің жеке тұлғалық маңызды мәселелері негізінде құрастыру жасай білу өмірінің байытылуы үрдісінде олардың шығармашылық индивидуалдығын дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, қазіргі заман қоғамы өсіп келе жатқан ұрпақтың өзгеріп тұратын өмір шарттарында адаптациялануына, өздігінен қажетті білім алуына және осы білімін әр түрлі мәселелерді шешуге тәжірибе жүзінде қолдануына қызығушылық танытуда. Өсіп келе жатқан ұрпақ критикалық ойлай біліп, нақты болмыста туындайтын мәселелерді көре біліп, заманауи технологияларды пайдалана отырып, оларды рационалды шешу жолдарын іздеп; ақпаратпен сауатты жұмыс істеуі керек; коммуникабельді болып, топта жұмыс істей біліп, түрлі конфликтті жағдайларда компромисс табуы керек; өздігінен жетілдірілуі тиіс.

Білім беру бағдарламалары балаларға қосымша білім беруде ұйымдастыру мен басқарудың негізін құрайды. Олар балалар белсенділігінің қабылданған бағыттарына сәйкес қалыптастырылады. Соңғысы азаматтардың әр түрлі категорияларының, әлеуметтік және билік құрылымдарының, бизнес және кәсіби мектептің зерттеу пәні болып табылады. Қосымша білім беру жүйесінде өзекті бағыттар тізімін қалыптастыру оны басқарудың маңызды бөлігін құрайды. Мұндай тізім оқушылардың жеке траекториясын құруда басымдылықтардың ауысуына сәйкес мерзімді қайта қарастыруға, түзетуге жатады.

Білім беру бағдарламасы – бұл мақсатқа жету шарттары, әдістері және технологиясы, сонымен қатар болжанатын соңғы нәтижесі бар, айтылған қызмет мақсаттарына сай педагогикалық концепцияны көрсететін құжат; білім берудің негізделген мақсаттары мен мазмұнына сай мекеменің құрылымын, орындалу кезектілігін, білім беру үрдісінің ақпараттық, технологиялық және ресурстық қамсыздандыруын ашатын құжат.

Білім беру бағдарламасы қосымша білім беру мекемесімен жасалып, аккредитацидан процедурасын өтуі керек. Бұл

процедураларды ұйымдастыру қағидалары, бағдарламаларды енгізу мен оларды білім беру үрдісінен шығару реті өкілетті органның нормативтік құжаттарымен регламенттелуі тиіс.

Білім беру бағдарламалары орындаудың желілік ұйымдастырылу мүмкіндігін – басқа бағдарламалардың ресурстарын (мекемелерін) берілген бағдарламаны орындауға тартуды қарастыруы керек.

Міндетті элемент ретінде білім беру бағдарламасында жоспарланған нәтижелер – оқушыларда қалыптасатын сапа болуы қажет.

Орантушы және нормативтік құжаттар унификациясы қосымша білім беру жүйесін басқарудың маңызды бөлігі. Бұл білім беру бағдарламаларын қоса алғанда, бағдарламалардың жасалуына міндетті шаблондар мен түрлерді енгізу арқылы жасалады. Салыстырмалы тұрақты қызметке қатысты бағыттар (спорт бағыты, музыкалық мектептер) Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жасаған үлгілік білім беру бағдарламаларына ие бола алады.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұндық негізін оқушылар қызмет негіздерін меңгеруі тиіс қосымша білім берудің нақты бағыты бойынша мәселелері талап еткен жағдайда жасөспірімдердің жеке тұлғаға маңызды мәселелері анықтауы керек.

Балаларға қосымша білім беру мекемелеріне қазақстандық білім беру жүйесі жаңа сапалық деңгейге өтуі барысында пайда болған жетістіктер мен мәселелерді есепке ала отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, жүзеге асырылып жатқан білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту бойынша жұмыстарды жалғастыру керек, қосымша білім беру бойынша жасалатын оқу-әдістемелік кешендердің оқу бағдарламаларының сараптамасын қамтамасыз етуі қажет. 12-жылдық білім беру моделіне көшуді есепке алып, әр түрлі деңгейлі бағдарламаларды, қосымша білім берудің жаңа бағыттары бойынша бағдарламаларды енгізу талап етіледі.

Қосымша білім беруде қазіргі жағдай білім беру бағдарламаларының әр түрлі болуын талап етеді. Бағдарлама – бұл оқушылардың белгілі бір сауаттылық деңгейіне жету жолы, педагогтың өз кәсіби мәдениетін жетілдіруге дайындығының көрсеткіші, балаларға қосымша білім беру мазмұнының жаңару шарты.

5. Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі білім беру қызметтерінің вариативтігі.

Білім берудің вариативтілігі – білім алушылар мен олардың ата-аналарына білім беру жүйесінің қабілеттілігі сан алуан толыққұнды, сапалы ерекшелік пен білім беру жолының керемет нұсқалары, баланың саналы және баламалы сұранымын таңдау жолдарына мүмкіндік береді.

Ол мүмкіншілігі бар білім беру технологиялары мен бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету арқылы білім беру бағдарламаларын таңдау білім беруді дараландырудың барынша мүмкін дәрежесін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қосымша білім беру бағдарламаларын еркін таңдау мен меңгеруге арналған балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінде вариативтілік идеялары ерекше мән беріледі. Балаларға қосымша білім берудің қосымша білім беру бағдарламалар стандарттары мен мазмұнына балалардың, ата-аналардың, әртүрлі әлеуметтік институттармен анықталған тапсырыстармен регламентацияланбайды. Ол білім беру қауымдастық қызметінің әртүрлі мазмұны мен түрлерімен сипатталады – үйірмелер, шеберханалар, студиялар, клубтар, мектептер, зертханалар.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары вариативтік, сараланған және жеке білім беру, икемді және көпфункционалды ұйымдық құрылымда орналасқан басқа ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен дәстүрлі түрде кеңінен бірлесіп әрекет жасауға мүмкіндік беретін кадрлық, әдістемелік және материалды-техникалық қамтамасыз етуден тұрады. Педагогикалық коллектив мұғалім мен баланың әрекеттесуі, еркін ынтымақтастыққа негізделген, бірлескен шығармашылық жұмыстар, мүдделердің ортақтығы, әртүрлі ұйымдар қызметінің түрі және мазмұнымен сипатталатын бірегей кәсіптері бар әртүрлі мамандар, лауазымды адамдар, мамандықтар, шығармашыл тұлғалар, еңбек етудің қыр-сырынан құралған.

Қазіргі заман дамуында қалыптасқан тенденцияларды есепке алатын білім беру мазмұнының маңызды саралауын қамтамасыз ететін балаларға қосымша білім беру ұйым қызметі артықшылығының ішінде ақпараттық технологиялар, дизайн, қолөнер, мұражайлық педагогика, журналистика және т.б. жаңа бағыттарын жүзеге асыратын осы қызметтерді атауға болады.

- бағдарламаның жас ерекшелік ауқымының кеңейтілуі (мектеп жасына дейінгі балалардың мектеп алды дайындығы, ұйымдардың әрекет ету желісі жағдайында жоғары сынып оқушыларына арналған бейіндік оқыту);
- білім беру бағдарының жеке таңдау құқығын қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының кеңейтілу бағыты;
- жалпы мәдениеттілік, тереңдетілген, кәсіптілікке дейінгі сияқты түрлі деңгейдегі бағдарламаларды кеңінен енгізу;

Алда даму мүмкіндігі шектеулі балалар, жетім балалар және ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға, сонымен-қатар өмірдің қиын жағдайларында қалған балаларға қосымша білім беруде мүмкіндік алуын кеңейту. Білім беру бағдарламалары және

оларды іске асыру түрлері қала және ауылдық білім беру арасындағы айырмашылықты қамтамасыз ету және төмендету.

Балаларға қосымша білім беруді дамытудың маңызды бағыттары мынадай болу керек:

- ізденушілік, зерттеушілік, жобалық сияқты әртүрлі білім беру технологияларын белсенді меңгеру;
- мектептер, қозғалыстар, мейрамдар, ойындар, бос кездегі бағдарламалар, лагерлер, ғылыми қоғамдар, олимпиадалар сияқты әртүрлі қызмет түрлерін пайдалану.

Қосымша білім беру жүйесі өзінің әлеуетті тапсырысшыларының сұранымына жұмылып әсер етуі қызметтің сан алуан түрлерін қамтамасыз ету балалар мен ата-аналарға өз тағайындалуын орындай алуы тартымды әрі талап етілген бола алады.

Балаларға қосымша білім беру вариативтілігінің жоғары дәрежесі арқасында әр адам өзінің қызығушылықтары мен икемділіктеріне, білім беру бағдарламасының көлем және қарқынды меңгеруіне жауап беретін білім беру бағыттарын таба алады. Білім беру үдерісіне еркін қосылған бала және оның ата-аналары педагогтарға өзінің ең қымбат игілігі – тұлға дамуының бос уақытын тиімді қанағаттандыру қажеттілігін білім беру кешені сондай инвестиция нәтижесі болатынына сенеді.

Жоғарыда аталған қосымша білім беруге бағытталғаннан шығатын:

- адам табиғи өмірін жасаушының алға шығуы, өмірлік жолында өрістеп және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін динамикалық білім беру үдерісі ретіндегі әлеуметтік құбылыс;
- баланың шығармашылық белсенділігін ынталандыру, туындаған мәселелердің өздігінен шешу қабілеттілігі және тұрақты түрде өздігінен білім алу;
- білім беру мазмұнының белсенді және қызметтілігін меңгеру, әртүрлі жағдайларда оның мүмкіндіктерін пайдалануды болжау;
- баланың өмірлік тәжірибесін қорыту, оның тарихи қалыптасқан жүйелік құндылықтарына, әрекеттерді, оқиғаларды, жағдаяттарды өз бетінше бағалауға, өзінің мінез-құлқын лайықты құруға қатынасы;
- жас зерттеушілердің кіші топтарындағы ғылыми мамандандырылған тілдердің саналуан және меңгеруін айқын анықталған тенденциялармен ғылыми білімді жаңа түсіну;
- балалардың тіршілік әрекетінде бала тұлғасының түсінік эволюциясы және барлық әралуан түрлердің дамуындағы білім берудің әртүрлі мазмұнының сабақтастығы;

Аталған артықшылықтардың жетістігі бағдарламамен жабдықталудың дамымауымен күрделеніледі. Білім саласында бала өзінің мүмкіншіліктерін, өзінің кәсіби анықтауын түсінуге көмектесе алатын түрлі деңгейлі бағдарламалардың бірқатары жоқтың қасы.

Бағдарламалардың көбісі репродуктивті қызметке арналған және өз бетімен оңтайлы шешім іздеуді қарастырмайды. Бағдарламалар өзара байланыспаған, баланың өмірінің жағдайына, оның физикалық, интеллектуалды қабілетіне, жынысына байланысты дифференцияланбаған.

Осыдан келіп жаңа буынды ынталандыратын бағдарламаларды жасау қажеттігі туындайды. Бұл бағдарламалар мектептердегі үйірмелерге және мектептен тыс ұйымдарға арналғандардан толығымен ерекшеленуі тиіс. Қосымша білім беруге қойылатын мемлекеттік талаптар баланың қабілеттерін, танымпаздығын дамытатын, өзінің қатарластарымен және үлкен адамдармен адамгершілік құндылықтарға, тұлғалық мәдениеттің қозғаушы күшін жоспарлайтын білім саласында бағдарламаларды жасауға мақсат етеді.

Осылайша, қоғамның интеллектуалды басымдылығы мен жағдайы, оның ұнампаздық денсаулығы мен рухани жандануы баланың кәсіби өзін-өзі тануына, қызығушылықтарының, қабілеттерінің дамуына жағдай жасайтын қосымша білім берудің дамуымен тікелей байланысты. Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту мүмкіндігін жүзеге асыру үшін қосымша білім беру ерекше түр ретінде сипатталады. Мұнымен қосымша білім берудің қажеттілігі қолданушылар яғни, балалар, ата-аналар, педагогтардың тарапынан түсіндіріледі. Бұл жөнінде талай айтылады да және еліміздің аймақтарындағы қосымша білім беру жүйесін дамыту көрсеткіштері: білім саласындағы ұйымдар, іске асып жатқан бағдарламалардың бірқатар тізімі, көптеген балалардың қолы босамауы арқылы көруге болады.

Әлемде, елде болып жатқан елеулі өзгерістердің негізінде қосымша білім беру жүйесіне барлық жаңа талаптар қойылады. Бұл әлеуметтік тапсырыс мәселесін өзекті етеді.

Білім саласындағы қазіргі қызмет көрсетулер және шынайы қажеттіліктер мен қызығушылықтардың арасындағы қалыптасқан қарама-қайшылықтар, бір жағынан бұл қызметтің негізгі қолданушылары – бала мен олардың ана-аналары, ал басқа жақтан, мемлекет пен қоғам бірқатар мәселелердің қатарын құрайды. Бәрінен бұрын, бұл әртүрлі бағыттағы білім бағдарламаларының дамуы арасындағы диспропорцияның пайда болуы, қосымша білім беру ұйымдарының даму бағыттарының басымдылық сипатының күрделілігі болып табылады. Осыған байланысты, қосымша білім беру ұйымдарының дамуына шынайы түрде әсер ету дегеніміз – бұл жаңа білім бағдарламаларының іске асырылуымен қамтамасыз ету, қызмет пен білім шеңберін ұсыну, жеке гуманистік стратегия контексіндегі адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуының бағыттарын есепке ала отырып жүзеге асыру.

6. Білім кеңістігінде жалпы орта және қосымша білімнің ықпалдасуы.

2012-2016 жылдарға арналған мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша іс-әрекеттерінің Ұлттық жоспарын қабылдау білімді жаңартудағы мемлекет басшысы ұсынған ең маңызды жүйелі бастауларды жүзеге асыру механизмдерінің қатарында тұр.

Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған мемлекеттік білімді дамыту мақсатындағы жаңа мәнмәтін балаларға арналған қосымша білімнің қажеттілігі айтарлықтай өсіп келеді. Баланы оқыту және тәрбиелеу үдерісінде тұлғалық-бағытталған тәсілдің іске қосылуын болжайтын қызмет бағыттары шоғырының кеңейтілуі есебінде тұлғаның өз-өзін дамытуға дайындығын қалыптастыру қажет. Қамсыздандырылуының нақтылығы мен нәтижелілігі негізгі және қосымша білімнің ықпалдасуына байланысты қызмет бағыттарының шоғырын кеңейту баланы оқыту және тәрбиелеу үдерісіндегі тұлғалық-бағдарланған тәсілді іске қосуды болжайтын тұлғаның өз-өзін өзгертуге жоғары деңгейлі дайындығын қалыптастыруды қажет етеді.

Жалпы білім беру мектептерінде жалпы орта және қосымша білім беруді белсенді ықпалдастыру мектеп өмірінің мазмұны мен түрлерін өркендетуге ықпал етеді. Республикамызда қалыптасқан балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының көпжылдық бірлескен жұмысының осы бағыттағы тәжірибесі көптен-көп. Олар жаңа білімдік құрылымдарды, жаңа ұрпақ бағдарламаларын құру және сынақтан өткізу арқылы инновациялық тәртіпте бірлеседі.

Негізгі және қосымша білім ұйымдарының дәстүрлі әрекеттесу бағыттары бірлескен қызметтің мазмұнды жолын дамыту негізінде айтарлықтай кеңеюі: ықпалдасқан білімдік бағдарламалардың жасалуы және жүзеге асырылуы арқылы мүмкін.

Жас ерекшеліктеріне қарай тұлғаны дамыту мақсаттарының ерекшеліктеріне байланысты жалпы орта білімнің әр деңгейіне қосымша білім өзінің мазмұнды модулін ұсына алады:

- мектепке дейінгі білім кезеңінде – мектепалды дайындық;
- бастауыш білім кезеңінде – оқушы тұрғысын меңгеруде көмек: түрлі оқу кеңестеріне қосу;
- жалпы негізгі білім кезеңінде – тұлғаның өз-өзін анықтау үдерісін қолдау: қызметтің түрлі өрістерінде маңызды мәселелер шоғырын кеңейту және оны шеше білуді үйрену;
- жалпы орта білім кезеңінде – оқушылардың кәсіби бағыт алу үдерісін сүйемелдеу, кәсіпалды бағыт алуын қамсыздандыру.

Білім бағдарламаларын жобалаудағы ықпалдасу тәсілін мазмұнның пәнаралық және пән үстілік деңгейлеріне шығуға мүмкіндік

беретін, оқушылардың функционалдық сауаттылығының және құзыреттілігінің (құқықтық, ақпараттық, экологиялық, этикалық, көркем шығармашылық, дендік), және де, зерттеушілік, жобалаушылық, рефлексивтік қабілеттерінің қалыптасуын қамтамасыз ететін бағдарламаларды құру негізінде қамсыздандыру мүмкін. Мұндай нәтижелерге жету оқушылардың жетістіктерін бағалау түрлерін, ұйымдастыру түрлерін, мазмұнын, мақсаттарын құндылық-мәндік сәйкестендіру арқылы мүмкін. Көзделген қадамдардың бірлесе талқылануы және жүйелі жүзеге асырылуы тек мектептің жағдайына сүйемелденуді ғана емес, сонымен қатар қосымша білім беру ұйымдарының да жағдайына сүйенуді болжайды.

Балаларға арналған қосымша білім ұйымдарымен бірге жалпы білім беру мектептері біріккен әлеуми-мәдениеттік және білімдік кеңістік шеңберінде баланың жеке сауаттану жолын, кез келген аумақта түрлі деңгейлі және біртұтас білімдік жүйені қамтуы тиіс. Бұдан қосымша білім берудің келесі бағдарлары бастау алады:

- баланың шығармашылық талпынысын ынталандыру, оның туындаған мәселелерді жеке шеше білу және өз-өзін сауаттандыру қабілеттерін дамыту;
- білім мазмұнын белсенді және жігерлі меңгеруі, оны түрлі жағдайларда қолдана білу мүмкіндіктерін жобалау;
- баланың өмірлік тәжірибесін жинақтау, оны тарихи қалыптасқан құндылықтармен сәйкестендіру, осы не өзге әрекеттерді, оқиғаларды, жағдайларды жеке бағалау және тиісті тәртіпке сәйкес ұстану;
- балалардың тұлғалық сана-сезімінің дамуы есебінде білімнің әртүрлі түрлерінің мазмұндарының сабақтасуы;

Кәсіпалды білім алу бағдарламаларын таңдау мүмкіндігін беру, оқытудың жекелендірілуі; оқушылардың кәсіби бағдар ала білуін қамсыздандыратын жағдайлар туғызу.

Жаңа сауаттандыру жағдайында мектеп қосымша білім беруде педагогикалық тәсілдердің гуманистік жаңартылу көзін, ал тәжірибеде жалпы орта білім берудің кең мәдени ортасы мен жаңартылу қорын: балалардың өз-өзін дамыту және өз-өзін өзгерту, өз-өзін анықтау, шығармашылық дарындылығын дамыту, тәрбиелеу үшін шексіз мүмкіндіктерге тап болады.

Республикамыздың балаларға арналған қосымша білім беру жүйесі көпдеңгейлі құрылымнан тұрады.

Павлодар облысының экология және туризм балалар мен жасөспірімдер орталығы (ЭТБЖО) жалпы орта және қосымша білімді ықпалдастыру жолдары арқылы әлеуметтік серіктестікті дамыту тұжырымдамасын жасап, мектептерге ұсынды. Бұл ықылас қолдау тауып, екі жақтық келісім шарт негізінде 25 мектепте және интернатта

ЭТБЖО филиалдары ашылды. Бұл тұжырымдамада балаларға арналған жалпы орта және қосымша білім беруді ықпалдастырудың келесі модельдері берілді.

Бір жақтық әрекеттесу моделі. Мектеп базасында, не орталық базасында өз бағытымен жұмыс істейтін үйірмелер, секциялар, клубтар қызметі. Жалпы орта білім беру мектебіндегі қосымша білім берудің мұндай нұсқасының мағынасы зор, өйткені балалардың жұмыспен қамтылуын және олардың қызығушылығының шоғырын анықтауға ықпал етеді.

Ықпалдаса әрекеттесу моделі. Бұл модель мектептің білім жүйесін дамытудың жалпы бағдарламасына құрамдас ретінде кіретін қосымша білім беруді дамытудың бірлесе құрастырылған бағдарламасының негізінде біртұтас білім кеңістігін құруға мүмкіндігін береді. Бұл модельде осы білім бағдарламалары жүзеге асырылатын орталықтың және мектептің ресурстық мүмкіндіктері (материалдық-техникалық базалар, кадрлер, ақпараттық, бағдарламалық-әдістемелік) тең өлшемде қолданылады.

Бұл модельде сан түрлі құрылымдар қолданылады: элективтік курстар, экологиялық дәріснамалар, жобалық-зерттеу қызметі, оқушылардың ғылыми бірлестігі жұмысы, оқу-өндірістік, экологиялық-өлкетану, туристік практикумдар және экскурсиялар орталық базасында және де осы модель бойынша жұмыс жүргізуді бастаған қала мектептері базаларында өткізіледі.

ЭТБЖО-ғы дайындаған элективтік курстар: «Зерттеу қызметіне кіріспе» (5-ші сынып), «Зерттеу қызметін ұйымдастыру негіздері» (8-10-шы сыныптар), «Қоршаған ортаның экологиялық мониторингі», «Жас экскурсия жетекшісі», «Мектеп туризмінің нұсқаушысы». Жаратылыстану пәні бойынша білімдерін тереңдету мақсатындағы экологиялық дәріснамалар: «Су – өмір көзі», «Өсімдіктер әлемінде», «Жасыл ғаламшар» және т.б. Экологиялық-өлкетану практикумдары, археологиялық-палеонтологиялық экспедициялар орталық мұражайымен бірге ұйымдастырылып, жүргізіледі. Аумақтық компонентті қолдану арқылы биология, география, тарих пәндері бойынша негізгі құзыреттер тәжірибеде қолданылуда. Оқушылар ғылыми-зерттеулік қызмет негізінде зерттеуші, экскурсия жетекшісі, мұражай жұмыскері дағдыларын алып жатыр. Оқу-өндірістік практикумдар, практикалық оқу сабақтары, экскурсиялар орталықтың экологиялық-өсімдіктану кешені базасында ұйымдастырылады және өткізіледі. Оның ішіне оқу кабинеттері, өсімдіктердің сан түрлі үлгілерінен құралған оранжерея, жеміс беретін және сәндік бұталар түрлері, жидектер, бақша, дендрарий, сәндендіру гүлдер бөлімдерін қамтыған 3,5 га өндірістік жер кіреді.

Бұл кешеннің қолданылуы оқып жатқан пәндер мен құбылыстар туралы дұрыс көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді, терең түсіне білуін қамсыздандырады, жас ерекшеліктеріне байланысты әр топ оқушыларының жергілікті және шетелден келген флораны зерделеуге көмектемеді, ғылыми-зерттеулік және мәдениеттік-ағартушылық жұмыс жүргізеді. Оқушылар агроном, бағбан, гүлбап, ландшафт әрлеуші, жылыжай шаруашылығы жұмыскері машықтарына, ғылыми-зерттеулік қызмет негіздеріне ие болады.

Экотуристік практикумдар туристік-жаттықтыру базасында, яғни, оқу кабинеттерінде, жаттығуларды ұйымдастыру бойынша өндірістік ғимаратта, туристік-жаттықтыру жалғыз аяқ жолдарында, жартаста, жорық, экспедиция, саяхат, жарыс түрінде өткізіледі. Бұл кешен дамушы денсаулықты күту, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық құзыреттерін қалыптастыру бойынша тиімді екені сөзсіз.

Жобалық-зерттеу және табиғатты қорғау қызметі үш: экология, туризм, өлкетану бағыттары бойынша ықпалдасу бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізуші барлық мектептерде қамтылған. Ұсынылған үлгі «Экология. Туризм. Өлкетану.» марафоны арқылы жүзеге асырылады. Іс-шаралар жүйесі: жарыстар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, көрмелер, фестивальдар, жарыстар ерекше қабілеттерін көрсете білген, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген дарынды балаларды анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан әрі қарай оқушылардың бұл категориясымен сырттай экологиялық-өлкетану мектебінің НОУ бағдарламасы бойынша педагог-мамандары жұмыс жүргізуді бастайды.

Қашықтықтан әрекеттесу моделі. Бұл модель тек мектептер қосымша білім беру бағдарламаларын қажет етіп, бірақ қажетті қосымша білім беру мамандары болмаған жағдайда ғана тиімді. Бұл модель сәйкес қосымша білім беру ұйымдары мен кадрлер болмаған жағдайда ауыл мектептерімен жұмыс жүргізуде қолданылады. Жүзеге асыру 2 бағыт бойынша: оқушылармен жұмыс және педагогтармен жұмыс.

1. Орталық қашықтықтан элективтік курстар ұсынады. Сырттай экологиялық-өлкетану мектебі жұмысы бойынша оқушыларға ғылыми-зерттеулік қызмет жүргізуде, тақырып және ғылыми жетекші таңдауға көмек көрсетеді

2. Виртуалдық әдістемелік кабинет интернет-конференция, кеңес беру, семинар, практикум, мастер класс, біліктілікті арттыру курстары, тәжірибе алмасу түрлері бойынша қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы педагогтерге нұсқаулық-әдістемелік көмек көрсетеді.

Әлеуметтік серіктестік моделі. Бұл модельде мектептермен, колледждермен, жоғары оқу орындарымен, мәдениет, денсаулық, туризм және спорт ұйымдарымен, экологиялық және үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен жоғары деңгейлі ықпалдасу

әрекеті білім ресурстарын тарту мүмкіндіктерін қамсыздандыратын жаңа типті білім кеңістігінің шынайы негіздерін құру болып табылады.

Экология және туризм орталығы ықпалдасу есебінде үздіксіз білім беру кеңістігі жүйесін құруға мүмкіндік туғызатын материалдық және кадрлік ресурстармен қамтылған.

Жоғарыда көрсетілген модельдер оқушылардың негізгі және профильді пәндерге деген қызығушылығын оятып, ғылыми-зерттеулік қызметін іске қосады, балалардың өмірдегі орнын анықтауға дайындығының сапалы деңгейін көтереді, қазіргі кезеңгі өмір жағдайына бейімделе білуіне көмектеседі.

12-жылдық білім беруді енгізуде қосымша білім беру пәндер бойынша, оның тәжірибелік бағыттары бойынша білімді күшейтуге, кәсіби бағдар алуға және функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға шақырылды.

Шығыс Қазақстан облысының қосымша білім беру және дене шынықтыру орталығы жалпы орта және қосымша білімді ықпалдастыру жолдары арқылы әлеуметтік серіктестікті дамыту тұжырымдамасын жасап, мектептерге ұсынды. Бұл ықылас қолдау тауып, екі жақтық келісім шарт негізінде мектептерде балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының филиалдары ашылды. Әр мектеп білім беру үдерісін жеке жүзеге асырады, бірақ өз міндеттерін орындауы тиіс. Өнер мектептері педагогтерді және оқыту құралдарын қамтамасыз етеді, білім беру қызметтерін ұйымдастыруға жауап береді. Жалпы білім беру мектептері оқушылар мен оқу сабақтарын жүргізу кабинеттерін қамтамасыз етеді.

Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламалары Өскемен қаласының 40 мектебінде жүзеге асырылады. Балалар өнер мектептерінің оқытушылары жолбасшы, педогог-ұйымдастырушы, балалар ұйымдарының жетекшілерін оқытып, жарыс іс-шараларын ұйымдастырып, ықпалдастырылған оқу сабақтарын жүргізеді.

Ықпалдаса әрекеттесу моделі ауыл мектептерін және білім жүйесін дамытудың жалпы бағдарламасына құрамдас ретінде кіретін қосымша білім беруді дамытудың бірлесе құрастырылған бағдарламасының негізінде біртұтас білім кеңістігін құруға мүмкіндігін береді. Сонымен, Зырян ауданындағы «Болашақ» балалардың бос уақытын ұйымдастыру орталығы қосымша білім берудің үйірмелер жұмысын ауданның № 41-ші мектебінде және 3 балалар мен жасөспірімдер клубында ұйымдастырады.

Көркемөнер-эстетикалық бағыты профилі бойынша ресурстық орталықтар ролін Тарбағатай және Көкпекті аудандарында құрылған қосымша білім беру орталықтары атқарады. Орталық педагогтері мектептерде ән-күй және эстетикалық білім беру пәндерін оқытып,

үйірмелік жұмыс, вокал және аспаптар студиясының оқу сабақтарын жүргізеді.

Оқытудың негізгі үдерісі ретінде жеке сауаттану қызметінің рөлін күшейту бойынша танымдық үдерістің белсенді субъекті – оқушының рөлінің өзгеруін қарастыратын тұлғалық-бағдарланған тәсіл жүзеге асырылады.

Зайсан ауданының жас табиғат зерттеушілер станциясының мектеп жанындағы 6 тәжірибелік-эксперименттік жылыжайлары бар. Станция педагогтері аудан мектептерінде факультативтік оқу сабақтарын жүргізеді, оқушылардың оқу-зерттеулік қызметін ынталандыратын эксперименттік жұмыстар жүзеге асырылады. Қызмет үдерісінде оқушылар қызметінің оқу-танымдық, әлеуметтік және өмірлік тәжірибеде әр түрлі әдістері қалыптасады.

Қосымша білім берудің басты басымдығы - дарынды балаларды қолдау және дамыту, тұлғаның өз-өзін дамытуы, салауатты өмір салтының қалыптасуы. Бірақ, тәрбие беру орталығы мектеп болып табылатын ауылдық жер жағдайында мектеп пен ортаның өзара әрекеттесуі педагогикалық үдерістің біртұтастығын қамсыздандыратын балалардың сабақ үстінде және сабақтан тыс қызметінің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру қажет.

Қосымша білім беру жүйесін жаңартудың қажеттілігі ресурстық орталықтарды құруға және дамытуға әкелді. Ресурстық орталықтар қызметі тиімді білімдік жетістіктерге жету мақсатында ақпараттық, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және оқу-зертханалық ресурстарға ұжымдық деректер алуды ұйымдастыру болып табылады.

Қосымша білім берудегі ресурстық орталық моделін құру және сынақтан өткізу бойынша жұмыстар Қарағанды қаласында 2007 жылғы қазанда басталған болатын. Қосымша білім берудің аумақтық ресурстық орталығының сүйенуші ұйымы Қарағанды қаласындағы ҚМҚК «Балалар мен жасөспірімдер сарайы» болды. аумақтық 12 білім беру ұйымдарын біріктірген және қосымша, жалпы орта және кәсіби білім ұйымдарымен әлеуметтік серіктестік негізінде қосымша білім беруді жүзеге асыруда қосымша білім берудің жаңа үлгісі бойынша білім беру қызметтерінің сапасы мен қол жетімдігін қамсыздандыру – қосымша білім берудің аумақтық ресурстық орталықтардың басты міндетіне айналды.

Білім беру жүйесін жаңартуға бағытталған мемлекеттік саясат бір қалыпта Қарағанды қаласындағы № 2 өнер мектебінің қосымша білім беру ресурстық орталығында өз қызметін жүзеге асыруда. Қосымша білім берудің ресурстық орталығы 2010 жылғы 20 қазанда облыстық білім басқармасының бұйрығымен барлық балалардың қабілеттеріне және қызығушылықтарына сәйкес көркемөнер-эстетикалық дамуына жағдай жасау мақсатында өнер мектебінің ресурсын қолдану арқылы 14

білім ұйымдары базасында құрылды. 14 мектептің әрқайсысында әкімшілік және экономикалық дербестігі сақталған, бірақ мектептен тыс, сыныптан тыс жұмыстар облысындағы материалдық, кадрлік ресурстары ресурстық орталық жағдайында балаларға тәрбие беруге және шығармашылық дамытуға бағытталған. Әр мектеп білімдік үдерісті жеке жүзеге асыра отырып, өнер мектебінің ресурстық орталығының білім беру кеңістігінде өнердің түрлі бағыттары бойынша өз міндеттерін атқарады. Мектептен, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудағы белсенді рөл әлеуметтік серктестерге, яғни, жоғары және орта кәсіби оқу орындарының, мәдениет орталықтарының тұлғаларына қатысты.

Қарағанды қаласының ресурстық орталықтары қолда бар ресурстарды қосымша білім беру жүйесінің мүддесінде тиімді қолдануға шоғырландырып және ұйымдастырып алды. Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының тәжірибесі ресурстық орталық ретінде қажетті және жеткілікті жағдайлары (кадрлік, материалдық-техникалық, қаржылық-экономикалық) жасалған кез келген білім беру ұйымының бола алатынын көрсетеді. Ресурстық орталықтардың саны оқушылардың санына және әлеуметтік тапсырысқа байланысты. Бұл моделдің ерекшелігі сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруда және кадрлік және материалдық-техникалық ресурстарға шоғырлауда, оқушылардың қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктерін қажетінше есепке алуды қамсыздандыру шығыстың барынша азайтылуында. Қосымша білім беру ресурстық орталығы – негізгі оқитын және тұратын жеріне, материалдық тұрмысына қарамастан оқушының жеке тұлғасын қалыптастырудың шығармашылық және эстетикалық әлеуетін дамыту үшін қажетті жағдайларды қамсыздандыратын қосымша білім берудің тиімді үлгісі.

Сөйтіп, жалпы орта және қосымша білім берудің ықпалдасуы оқу қызметінің мазмұны мен түрлерін өркендетуге, оқыту, тәрбиелеу және дамыту үдерістерін ұштастыруға мүмкіндік береді. Оқушыларға өзі таңдаған бағыты бойынша қызығушылығына қарай оқу сабақтары жүргізіліп, қабілеттері ескеріліп, жетістіктерге жетуіне, әлеуметтік бейімделуіне және кәсіби жолға түсуіне мүмкіндік беріледі.

7. Балалардың әлеуметтену үдерісін сүйемелдеу

Экономиканы жаһандандыру, ақпараттық технологиялардың революциясы, ғылыми техникалық прогрестің жеделдетілуі қоғамның сапалы өмір сүруінің жаңа жағдайлар жасауын, арнайы жаңа әлеуметтік қатынастың қалыптасуын талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақ ерекше әлеуметтік топ ретінде болып жатқан өзгерістердің индикаторы болып табылады және жалпы мемлекеттің дамуының басымдығын анықтайды.

Балаларға арналған қосымша білім беру жүйесі жалпы орта білімнің жеке білімдік құрылымы болып табылып, ашықтығымен, жұмылдырылғыштығымен, икемділігімен сипатталады, қоғамның да, баланың да қажеттіліктеріне және сұраныстарына барынша бейімделеді. Білімнің мұндай типінің көрсеткіші болып адамның өзін-өзі дамыту, өзгерту, белсендіруінің педагогикалық технологиялары табылады.

Балаларға арналған қосымша білім берудің барлық жүйесінің жаңартылуы тұлғаның әлеуметтену үдерістерінің тиімділігін қамсыздандыруды болжайды.

Әлеуметтену (латын тілінен ауд. *socialis* - қоғамдық) - адамның әлеуметтік қалыптасқан тәжірибесін, ең алдымен, әлеуметтік рөлдер жүйесін иеленуі (25). Әлеуметтену үдерісі отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепте, қызметтік және басқа ұжымдарда жүзеге асырылады. Осы үдеріс шеңберінде әлеуметтік нормаларды, қабілеттерді, стереотиптерді, қоғамда қалыптасқан қарым қатынас және әлеуметтік ұстанымдарды, өмірлік стиль түрлерін меңгеру жүзеге асырылады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарындағы тәрбиелік кеңістіктегі жасөспірімдердің әлеуметтенуі тұлғаның әлеуметтік мәдениеттік құндылықтарды меңгеру негізінде қалыптасуы, нәтижесі әлеуметтік құзыреттілік болып табылатын әлеуметтік маңызды қызметке кірісуі. Әлеуметтік құзыреттілік адамның қоғамда тез арада бейімделуіне және қоршаған ортамен әрекеттесуіне мүмкіндік туғызатын білімді, қабілетті, дағдыны меңгеру болып табылады.

Қосымша білім беру еркін таңдауда құрылады, сөйтіп, баланың қабылдаған шешімдеріне жауапкершілікпен қарау керек екендігін түсінуге, өз орнын саналы анықтауын қалыптастырады, дербестігін дамытады, еңбекқорлығын қалыптастырады. Қосымша білімде қарастырылған педагогикалық жетекшіліктің арқасында әлеуметтену мүмкіндіктері жүзеге асырылады.

Әлеуметтік проблемалы зоналарда назардың шоғырлануы, оқушылардың келешегін құруға тартылуы бұл бағыттың қызметінің мазмұнын анықтайды. Қосымша білім беру ұйымдарындағы басты бағыттарды анықтайтын әлеуметтік проблемалы зоналар қатарына жатады:

1) Балалардың өмірлік іс әрекетін ұйымдастырудың мазмұны мен тәсілдері ересектер қатарына қосылуда жыныстық рөлдер аспектілері педагогтің назарынан тыс қалып, гендерлік ерекшеліктің дұрыс тіркелмеуі. Бұл зонадағы мәселелер кешенін жеңу үшін жастарға көмек көрсете алатын білім бағдарламаларын құру болып табылады. Яғни, ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерінің эталоны, өмірге жауапкершілікпен қарау және өмірге жоғары құндылық ретіндегі көзқарасты қалыптастыру, басқа адамның өміріне қол сұқпаушылық

және құндылық принциптерін қалыптастыру. Жыныстық рөлдік әлеуметтенуді алып жүру қыздар мен балалардың тұлғалық даму кризисінің алдын алуға мүмкіндік туғызады;

2) Дамытушы қызметтің жеткіліксіз динамикасы. Әсіресе, қатерлі топтың үлкен жасөспірімдері әлеуметтену үдерісінің ерекше өткір кезеңінде қосымша білім берудің ықпалынан шығып кетеді. Мұндай жағдайдың алдын алу тек баланың әлеуметтенуін қадағалау арқылы мүмкін, яғни, баламен бірге ер жету бағыттарын анықтап, қоғамдық маңызды қызметке қатыстырып, еркін дағдылары мен қиындықты жеңуге ынталануын қалыптастыру арқылы мүмкін;

3) Қосымша білім берудің әлеуметтік педагогикалық функцияларының дұрыс жүзеге асырылмауы. Отбасымен нақты жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін аймақтың әлеуметтік педагогикалық паспортын жасаудың қажеттілігі туындайды. Баланың дамуындағы кризистік зоналарды жеңіп шығу үшін бос уақытты жоспарлаудың бірнеше түрлері бойынша отбасы мен педагогтар біріге жұмыс жасайды. Отбасылық клубтар, отбасылық туризм бағыттары, дискуссия кездесулері және т.с.с. тәрбиелеудің ерекше мәдениеттік ортасын құруға мүмкіндік береді, қарым қатынас қорқынышы мен қауырттығын төмендетеді, отбасында бір бірін жақсы түсінуін қалыптастырып, ата аналардың дамуына ықпал етеді. Түрлі типті отбасылармен, әсіресе қатерлі топтағы балалардың отбасыларымен достық әлеуметтік қорғау қызметтерімен бірге, психологиялық педагогикалық қолдау көрсету қызметтерімен бірге жұмыла жұмыс жасау;

4) Әлеуметтенудің ерекше проблемалы зонасы дарынды балалармен байланысты. Бала кезінде байқалған жалпы және ерекше қабілеттерінің болуы өмірлік карьерасының табысты құрылуының кепілі бола алмайды. Мұндай балалар әлеуметтенудің ерекше үдерісін қажет етеді. Дарыны балаларды жетелеу үдерісі балалардың осы категориясымен жұмыстың психологиялық педагогикалық аспектілері білімінің негізінде жобаланады. Әлеуметтенудің бұл аспектідегі педагогикалық ықпалдың тиімділігі баланың іскерлік, өз іс-әрекетін, сөзін, қылығын, және де әлеуметтік үдерістері мен өмірлік жағдайларын талдауды болжайды.

Балалардың әлеуметтену мәселелерін кәсіби шешу жаңа ұрпақ бағдарламаларын жасап шығаруды болжайды. Қосымша білім беру тәжірибесіне жаңа бағдарламалар кешені кіруі тиіс: шығармашылық бағдарламалар, мекенжай бағдарламалары, балалардың әлеуметтену үдерісін барынша жетелеуге мүмкіндік туады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиелік кеңістігінде жасөспірімнің әлеуметтенуінің тиімділігін педагогикалық талаптар кешені қамсыздандырады:

1) Әлеуметтік қарым қатынас жүйесіне жасөспірімнің кіруіне ықпал ететін үйлестірілген әлеуметтік орта құру;

2) Жасөспірімнің әлеуметтік маңызды қызметіне тұлғалық мән беру арқылы ынталандыру сферасын іске қосу;

3) Балаларға арналған қосымша білімі беру ұйымдарының тәрбиелік кеңістігінде жасөспірімнің әлеуметтенуінің педагогикалық көмек көрсетілуін қамсыздандыру.

Балаларға арналған қосымша білімі беру ұйымдарының тәрбиелік кеңістігінде жасөспірімнің әлеуметтену мәселесінің өзектілігі қоғамның өскелең ұрпақты өнімді өмір сүруге және өзгеріп келе жатқан қоғамға бейімделе білуінде, жасөспірімнің әлеуметтік құзыреттігін қалыптастыру сұрақтарындағы көзделген бағыттардың босаңсуында жатыр. Әлеуметтік рөлдерді меңгеру, әлеуметтік маңызды қызметке кірісу, әлеуметтік қарым қатынас пен әлеуметтік ара қатынастағы айрықша тәжірибені қамтамасыз ететін жасөспірімнің әлеуметтенуі балаларға арналған қосымша білімі беру ұйымдарының тәрбиелік кеңістігімен байланысты.

Тұлғаның әлеуметтенуі педагогиканың дәстүрлі және маңызды мәселелеріне жатады.

Балаларға арналған қосымша білімі беру ұйымдарының тәрбиелік кеңістігінде жасөспірімнің әлеуметтенуінің құрылымды функционалды моделі келесі кезеңдерге сәйкес қызмет етеді: ынталы-мақсаттық, мазмұнды-қызметтік, нәтижелі-рефлексивтік.

Балаларға арналған қосымша білімі беру ұйымдарының тәрбиелік кеңістігінде жасөспірімнің әлеуметтенуін нақтылайтын мақсат ынталы-мақсаттық кезеңнің көзі болып табылады. Басты мәселелері әлеуметтік қызметте өзін көрсете білуі, қоғам тәртібінің нормаларын, жеке тұлғалық ерекшеліктерін меңгеру болып табылады.

Мазмұнды-қызметтік кезең жасөспірімнің өз өзін дамыту бағдарламаларын құру, жасөспіріммен жұмыс жүргізудің түрлері кеңейтіледі, субъекттік тәжірибе, қызығушылық, қажеттілік, ұстанымдар ескеріледі. Жасөспірім өмірге бейімделіп, әлеуметтік дәрежеге ие болып, қанағаттанушылық пайда болады. Бұның барлығы негізінде әлеуметтік мәдениеттік құндылықтар, нормалар және ережелер жатқан уәж бен ынталандырудың жасөспірімге әсерінің әлеуметтік маңызды әрекеттердің бағытын анықтайды.

Нәтижелі-рефлексивтік кезең жасөспірімнің өз өзіне көңіл аударуына, және шығармашылық және әлеуметтік маңызды қызмет түрлері мен үлгілерінің кең спектрі арқылы қоғамда өз-өзін мойындауына мүмкіндік береді. Бұл кезеңде еркін таңдау дағдыларын бекіту, жауапкершілікпен қарау, өз қызметінің шығармашылық сипатын таныту,

балаларға арналған қосымша білімі беру ұйымдарының тәрбиелік кеңістігінде жасөспірімнің әлеуметтенуінің нәтижесі ретінде әлеуметтік құзыреттің қалыптасуы көрінеді.

Үйлестірілген қоршаған ортаны құру келесі қағидаларға негізделеді:

- жасөспірімнің қоғаммен бірлесу қағидасы (педагогтармен, отбасымен, құрдастарымен);
- мәдениеттік үйлесім қағидасы;
- құндылық қарым қатынасқа бағдар алу қағидасы;
- жасөспірімді қабылдау қағидасы.

Үйлестірілген әлеуметтік орта қоршаған орта туралы білім игеруге жағдай туғызады. Жасөспірімдерге әлеуметтік рөлдерді меңгеру үшін жағдайлар туғызу қажет. Әлеуметтендіру құралдары ретінде педагогтар әлеуметтік жобалау технологиясын кеңінен қолданады.

Жобалар өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс. Мысалы, «Педагог-бала-ата-ана» (ашық педагогика жүйесінің жобасы); «Сенің таңдауың» (кәсіби оқыту жобасы), «Салауатты ұрпақ» (қосымша білім беру жағдайында денсаулықты сақтау және бекіту жобасы); «Демалыс» (балалар мен жасөспірімдердің демалуын ұйымдастыру жобасы); «Эврика» (дарынды балалармен жұмыс жобасы) және т.б.

Әлеуметтік жобалаудың басты мақсаты оқушылардың талқыланған мәселелер бойынша өз көзқарасын қалыптастыруына ықпал тигізетін жағдай жасау. Әлеуметтік жобалау азаматтық құзыреттерді қолданудың таптырмайтын сферасы болып табылады.

Жобаларды жүзеге асыруда оқушылар бір бірімен тіл табысып, бірлеседі, өз білімдерін жүгінеді. Өмір сүру салтын жақсартудың әлеуметтік тәжірибесі патриоттық сезімді де дамытады, сөйлеу мәнері мен қызметінің сәйкес болуына тартады. Әлеуметтік жобалардың түрлілігі, олардың сапасы өмірлік тәжірибе мәселелерін шешу тәсілдері мен келешегін ойластыру, жалпы нәтижені талдау арқылы шешімге келу және өз жетістігіне әр оқушының үлес қосуы арқылы ұжымдық шығармашылық қызметте жетіледі.

Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында әлеуметтік жүйеде қызығушылығы бойынша (өнертапқыштар, техниктер, табиғат зерттеушілер үшін) форумда тіл табысу мүмкіндігі бар балалар ғылым мектебін құру бойынша жобалар дайындау қажет.

Өнертапқыштық терең моральдық қанағаттанушылық, ал шынайы қанағаттанушылық жаңа жетістіктерге жетуде қол жетпеске қол жеткізуге ықпал етеді. Бұл шығармашылық жұмыс көптеген нәрселерді жасауда, оның ішінде өз қолымен түрлі үлгілер мен модельдер жасап, оларды сынақтан өткізетін интеллектуалдық және эмоциялық күш салу мен іскерлігін талап етеді.

Техникалық шығармашылық орталықтарына алға жылу, даму, инновациялық жобалармен айналысу қажет.

Балаларға өнертапқыш және құрастыру мүмкіндіктерін туғызып, өз қиялдарын жүзеге асырып, инновациялық сипаттағы робототехника үйірмелері сияқты жаңа үйірмелер ашулары тиіс.

Астана қаласының № 64 мектеп-лицейінде өткізілген патриотизмге баулу сабағында, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Өз жұртыңды, туған тіліңді, туған жеріңнің тарихын білмей нағыз патриот бола алмайсың. Қазақстандықтардың туып өскен жері бар - ол біздің Отанымыз. » жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде туған өлкесі мен өз елінің тарихын танып білудің маңыздылығын ескеріп өтті.

Туризм және өлкетану орталықтарына республикамыздың барлық аумақтарының балалары қатыса алатын жаңа туристік бағыттар дайындау қажет. Тағы да туған жер мен атақты жерлестерінің өмірі мен қызметі туралы тарихын танып білу зерттеулік-өлкетану жобалар іске қосылуы тиіс. Өз өлкесін білу – өз шағын отанын білу. Туған жерге деген махаббат осыдан басталады.

Экологиялық-биологиялық орталықтар да зерттеу жобаларымен айналысып, балаларды оқытуда жаңа идеяларды, жаңа әдістерді іске қосулары тиіс. Мысалы, тропикалық өсімдіктерді біздің климатымызға бейімдеп өсіруге болатын жаңа жылыжайлар жасау.

Еліміз «ЭКСПО-2017» әлемдік көрмесін өткізуге дайындалып жатыр. Экологиялық-биологиялық орталықтар қуатты үнемдеу технологияларын жасау мен қуат пен жанармайдың экологиялық таза түрін табуда жаңа идеяларын жүзеге асыруда.

Екінші педагогикалық талап – жасөспірімнің әлеуметтену кезінде педагогикалық қолдау көрсетуді қамсыздандыру. Педагогтар сабақ үстінде балаларға өз жобаларын жүзеге асыруда сәттілік, сенімді көзқарастарының қалыптасуына жағдай жасауы тиіс. Сонда ғана бала өзінің индивидуалдық тұлғасының даму жетістіктерін көре алады. Баланың шығармашылық жұмыста қосқан әр үлесін қолдау, назар аудару, мақтау арқылы педагогтар олардың алға сенімді жылжуына ықпал ету керек.

Педагогтар мен жасөспірімдер арасындағы жұмыс түрлері: түрлі мерекелер, тренингтер, экспедициялар, жарыстар, акциялар, біріккен жобалар, ұжымдық шығармашылық жұмыстар, табиғатты қорғау бойынша іс-шаралар және т.б. Жұмыстың бұл түрлері жасөспірімнің әлеуметтену тәжірибесін қалыптастырып, оны түрлі әлеуметтік рөлдерге, қарым-қатынас шеңберіне қосылып, сәтті әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Екінші топ түрлері – қоғамдық өмірді көрсететін танымдық ойындар, әлеуметтік жобалар, жасөспірімдердің әлеуметтік мәдениеттік құндылықтарын, ережелерін, нормаларын қалыптастыруға көмектеседі.

Үшінші топ – жасөспірімдердің әлеуметтенуіне ықпал ететін, және де демалыс кезеңіндегі жасөспірімдердің қызметін ұйымдастыру түрлері. қоғамдық өмірді көрсететін танымдық ойындар, әлеуметтік жобалар, жасөспірімдердің әлеуметтік мәдениеттік құндылықтарын, ережелерін, нормаларын қалыптастыруға көмектеседі. Оқу сабақтарының мазмұны мен әдістемесі жасөспірімдердің диалогқа тартылуына негізделуі тиіс. Сонда ғана олардың субъекті маңызды, тұрақты өмір бағдарларына ұмтылысының әлеуметтік құндылықтары тұлғаның маңызды қажеттіліктері ретінде ұғынылады. Тәрбиеленушілерге рөлдік ойындар, іс-әрекеттер, таңдау жағдайлары ұсынылып, кейіпкердің қылығын талдау арқылы өз тәртібіне көңілін аудартады.

Сөйтіп, жоғарыда айтылған жұмыс түрлері бір жағынан, жасөспірімдердің қызығушылығы мен қажеттіліктерін жүзеге асыруды қамтамасыз етіп, екінші жағынан – олардың табысты әлеуметтенуіне ықпал тигізеді.

Үшінші жағдай – жасөспірімді әлеуметтік-маңызды қызметке тұлғалық мән беру арқылы ынталандыру.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған тартымды жұмыстың жаңа түрлерін енгізу, қызығушылығы бойынша клубтар, жоғары сыныптарға арналған профильдік оқыту бойынша элективтік курстар құру қажет.

Қосымша білім берудің сапасын жұмыстың түрлерін қалыптастыру есебінде оқу үдерісіне жаңа білім берудің жобалық, зерттеу, кәсіби-бағдарлы технологияларын енгізу және «Виртуалды мұражай», «Мұражай сабақтары», «Эврика», «Балалар ғылыми мұражайы», «Тұлғалар мамандығы», «Менің ата-аналарымның мамандығы», «Мамандықтар тарихы» және т.с.с. жобалар құруды қамтамасыз ету.

Қосымша білім беру ұйымдарының ғылым құрылысы, балалар ғылым мұражайы, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, балалар банкі, диқандық және фермерлік шаруашылықтар тәрізді жаңа түрлерін құру қажет.

Тәрбиеленушілер клубын ұйымдастыру әлеуметтендірудің тиімді түрі болып табылады. Жұмыстың бұл түрі, педагог пен жасөспірімнің кей қажеттіліктерін қанағаттандырады: демалыс қажеттілігі, жан-жақты даму қажеттілігі, қарым-қатынас қажеттілігі, дербестік, өз-өзін дамыту және шығармашылық қажеттілігі. Оқу қызметіне қарағанда клуб қызметінің әлеуметтендіру функциясы оның мүшелерінің еркін тіл табысуына, қызығушылығы бойынша топтарға жіктелуіне, өз-өзін басқару және дербестігіне байланысты. Жасөспірімдер клубта өздерін әлеуметтік рөлде жеңіл көрсете біледі. Педагогтар қаладан қашық жерлерге бару, акция, дискотека тәрізді клуб қызметінің түрлерін қолданады.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиелік кеңістігінде жасөспірімнің әлеуметтенуінің тиімділігін педагогикалық талаптар кешені қамсыздандырады:

1) Әлеуметтік қарым қатынас жүйесіне жасөспірімнің кіруіне ықпал ететін үйлестірілген әлеуметтік орта құру;

2) Жасөспірімнің әлеуметтік маңызды қызметіне тұлғалық мән беру арқылы ынталандыру сферасын іске қосу;

3) Балаларға арналған қосымша білімі беру ұйымдарының тәрбиелік кеңістігінде жасөспірімнің әлеуметтенуінің педагогикалық көмек көрсетілуін қамсыздандыру.

8. Балалардың азаматтық қалыптасуы

Азаматтық қалыптасу дегеніміз, ол тұлғаның саяси сауаттылығына және қаншалықты хабардарлыққа негізделген өзінің істеріне деген жауапкершілігі, қоғамдық игілікке деген мүдделігі және өзінің қызметін әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекеті. Оның оқыту және тәрбиелеу барысындағы тиімділігі азаматтық қалыптасудың ерекше оқыту кеңістігі болуымен анықталады. Бұл оқушыларды қоғамдық өмірге белсенді қатысуға мүмкіндік беретін және сол қатысудан оңды азаматтық тәртіп тәжірибесін алуға, жалпыға бірдей мәселелерді сындарлы шешу үшін қоршаған адамдармен әрекеттесуі сияқты себеп және шарттар кешенін құрайды.

Оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру жүйесіне келесі сатылар енеді:

1. «Мен және мен». Өзіне деген азаматтық қарым-қатынасты қалыптастыру.
2. «Мен және отбасым». Өз отбасына деген азаматтық қарым-қатынасты қалыптастыру.
3. «Мен және мәдениет». Өнерге деген азаматтық қарым-қатынасты қалыптастыру.
4. «Мен және мектеп». Мектепке деген азаматтық қарым-қатынасты қалыптастыру.
5. «Мен және Отаным» Отанға деген азаматтық қарым-қатынасты қалыптастыру.
6. «Мен және Ғаламшар» Жер ғаламшарына деген азаматтық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Әр бағыттың міндеті

«Мен және мен»:

құқықтық сана қалыптастыру және азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу;

оқушыларда өзін-өзі ұстауда саналы тәртібі мен мәдениетінің мәнін түсіну, жауапкершілік пен ұқыптылықты, мектепте, үйде және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бұзбауды тәрбиелеу; өздерінің моральдік қасиеттерін тәрбиелеуге, өзін-өзі оқытуға құштарлығын қалыптастыру.

«Мен және отбасым»:

Отбасы мүшелеріне құрмет қалыптастыру;

Ата анасын сүйетін, отбасына ұқыпты тұлғаны тәрбиелеу.

«Мен және мәдениет»:

Оқушыларды сұлулыққа құштарлық сезімін тәрбиелеу, олардың шығармашылық ойлау қабілетін, көркем қабілеттерін дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру;

Әр азаматтың өміріндегі мәдениет пен өнердің маңыздылығын түсінуді қалыптастыру.

«Мен және мектеп»:

Оқушылардың мектеп ұжымына жататынын түсінуін, жеке және қоғамдық мүдделерін үйлестіруге ұмтылуын қалыптастыру

Оқуға деген саналы көзқарасын тәрбиелеу, танымдық белсендігін дамыту;

өзін-өзі ұстауда саналы тәртіп пен мәдениетті тәрбиелеу

оқушыларда салауатты өмір сүруге, үздіксіз білімдерін толықтыруға қажеттіліктерін қалыптастыру;

Мектеп жарғысын орындауды, мемлекет заңдарын білу және ұстануға саналы дайындығын тәрбиелеу.

«Мен және менің Отаным»:

Оқушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру, олардың халық иілігіне саналы қарауға, аға ұрпақтың әскери және еңбек дәстүрлеріне берік болуға, Отан үшін жанқиярлыққа, оның еркіндігін және тәуелсіздігін қорғауға даяр болуды тәрбиелеу.

Саяси мәдениеттілікті, жауапкершілік сезімді және өз еліне деген мақтанышты тәрбиелеу.

«Мен және ғаламшар»:

Табиғат, қоғам және адам арасындағы өзара байланысын түсінуді тәрбиелеу;

Балаларда қоршаған ортаға және адамдардың қуанышы, шығармашылық көзі деп еңбекке деген эстетикалық көзқарасын қалыптастыру.

Азаматтық ұстаным жалпы ұстаным шеңберінде қалыптасады жәнеде тұлғаның дамуымен оның құрылымында жетекші, маңызды орын алады. Ол индивидтің белгілі ақиқатқа деген қарым-қатынас мінезімен жолының көзқарасы тұрғысынан тұлғаны сипаттайды. Тұлғаның азаматтық ұстанымының айнасы болып оның қоғамға, қызметке, адамдарға, өз-өзіне деген қарым-қатынасында білінеді.

Азаматтық ұстаным нақты істерде білінеді және қалыптасады. Өзінің адамдарға, қоғамға қатынасын көрсетуге, қоршаған әлемде өз жолын табуға адам қызмет арқылы сондай мүмкіндікке ие болады. Ол арқылы адам әлемді, өзін-өзі таниды, сана сезімін, әлеуметтік және тәртіптік ұстанымдарды қалыптастырады, өзінің орнын табады.

Индивидтің қандай да бір тіршілік әрекет саласына бағытталған мүдделеріне, қандай түрлерде және әлеуметтік қаншалықты құнды және де өзіне маңызды ол орын тапса, соған байланысты, тұлғаның азаматтық ұстанымының сәттілігі және әлеуметтік маңыздылығы жөнінде айтуға болады.

«Өмірлік ұстанымды, дүниеге көзқарасты, өзіне, қоршаған әлемге қарым-қатынасты қалыптастыру, өзін-өзі, өзгелерді, қоғамдағы үдерістерді түсіну, алға мақсат қою және де соған жету үшін әрекет жасау, бұл дегеніміз - өмір сүре білу».

Тұлғаның азаматтық ұстаным жүйесінде үш компонент көрсетіледі:

- танымдық,
- уәждеме-бағыттық
- мінез-құлық бойынша

Сонымен, негізгі құндылық бағдарлануды қалыптастыру, бұл өз кезегінде адамның әлеуметтік болмысқа саналы қатынасын жорамалдап танымдық компонентке енеді. Олар адам өмірінің мәнін анықтайды, ол үшін ерекше не қымбат, маңызды, адал және т.б. екенін.

Азаматтық ұстаным мінез-құлық компоненті адамның шын әрекетімен, ең маңызды ережелерді ұстануды білуімен, негізгі әлеуметтік-адамгершілік міндеттерді атқаруыменен сипатталады.

Әр адам өзінің тұлғасын әлеумет алдында танылғысы келу қажеттілігі оны өзін-өзі таныту жолдарын және тәсілдерін іздеуге әкеледі. Оның түрлері әлеуметтік құнды, әлеуметтік пайдалы, әлеуметтік жарамды, әлеуметке қарсы болуы мүмкін. Өзін-өзі дамыту, жетілдіру қызмет барысында тұлғаның азаматтық ұстанымы танытылады және сыналады. Әр түрлі жағдайларда оны іске асыра білуі, оның тұлғалық ұстанымдарына, көзқарасына және сеніміне қарама-қайшылық тудыратын жағдайларда белгілі әсерлерге иммунитеті болуы.

Жасөспірімнің азаматтық қалыптасуы оның барлық өмір сүру салтымен шын-әлеуметтік қатынас орнатуымен анықталады. Сондықтан оқушының азаматтық ұстанымының қалыптасуында мектептің орны зор.

Азаматтық ұстанымды қалыптастыру адамның әлемді және оның ішіндегі өзін танудан басталады. Сондықтан Тұлғаның азаматтық ұстаным қалыптастыру педагогикалық үрдісі өзіне оқушылардың әлеуметтік құнды өмірлік тәжірибені меңгеруді өзіне енгізеді және әлеуметтік тәжірибені табыстау жас адамдардың табиғи

қызығушылығына бағытталған. Ал мазмұны болса, өмірлік тәжірибені игеру жолындағы эмоционалды қаныққан адам өмірінің жоғарғы мағынасына бағытталады.

Азаматтық ұстанымды қалыптастыру қажет. Демек, тұлғаның әлеуметтік белсенділігін, әлеуметтік өзін-өзі тануын қалыптастыруды, ішкі еркіндікті сезінуді, өзінің қызметі және таңдауы үшін жауапкерлікті жорамалдайды. Бұл азаматтан келесі моральді-адамгершілік қасиеттерді: азаматтық батылдықты, адалдықты, әдептілікті талап етеді. Субъект-тұлғаны тәрбиелей отыра, әр түрлі тараптарынан, есте сақтау керек, ол болашақта белгілікті мемлекетте, қоғамда қызмет жасап өмір сүреді, қандайда болсын жағадайларда ол біріншіден азамат болып калуы қажет. Демек, азаматтық ұстаным қалыптастыру процессі тәрбие үрдісінің жеке категориясы емес, ол оның айырылмас бөлігі, негізі болып табылады.

Демек, Азаматтық ұстанымды қалыптастыратын тәрбиелеу жүйесінің мақсаты, жалпы жұрт таныған норма және адамгершілік құндылықтарға бағытталған азаматтың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Азаматтық тәрбиелеуде әр-түрлі тәсілдер қолданылуы мүмкін: жеке тұлғаға-бағытталған, қызметтік, мәдениеттанулық және т.б. Оның әр қайсысы азаматтық тәрбиелеуде сол немесе басқада бір аспектісін ерекшелейді. Бірақта тәрбие жұмысының жеке бағыты ретінде азаматтық-патриоттық тәрбиелеу міндет және мақсаттарды іске асыру үшін ерекше жалпы және кешенді шешім қажет етеді. Тәрбие үрдісінің келесі параметрлеріне шешім сай болу қажет:

- Қоғам бірлігін күшейту және патриотизмді қалыптастырумен байланысты тәрбиенің қоғамдағы ірі міндеттерді шешуге бағытталуы;
- Жауапкершілік, әлеуметтік ынтымақтастық, азаматтық құндылықтар және азаматтылық мұратын қалыптастырудағы бастапқылық;
- Өзін-өзі ұжымдық анықтау нысанасы мен тұлғаны қалыптастыру және дамытуға қарағанда мазмұнынның интегративтігі.

Жастардың патриоттық тәрбиелеуінің жалпы міндеттерін, қоғамдық-тәрбиелік ортаның өзгешелігін, оқушылардың жеке ерекшеліктерін(мүдделер, тәжірибе, өмірлік бағыттылық, ұжымдық жұмысқа қабілеттілік және даярлық) ескеретін шешім қабылдау қажет.

Тәрбие түрі және әдісі көзқарасы тұрғысынан бұл дегеніміз әр түрлі тәрбиелік әсерлерге ықпалдасу тәсіл қажеттілігін білдіреді. Және ол әсерлерді ұйымдастырылатын әлеуметтік ортада басқару. Оқушылар әлеуметтік және мәдениет проектілер жүйесіне қатыстырылған болу керек(балалар және ересектер бірлестігі, әлеуметтік және мәдениет қарым-қатынастары). Мұндай кездерде тәрбиелік әсерлер

педагогикалық ұйымдастырылған ортада педагогтер, балалар, жастар іс-әрекеті бір жерден жиналады.

Ықпалдасу тәсілі:

- қосымша білім беру жеке ұйымдарының, басқа білім беру ұйымдарының жергілікті, өңірлік деңгейде тәрбие жүйесінің бірлесуі. Тәрбие беруді бірлесіп өткізудің бастамашысы болып шыққан қосымша білім беру ұйымдарының жанында кеңістік құрылу мүмкін, немесе шарт негізінде барлық қосымша білім беру ұйымдарының бірлесу жолымен.

- Жергілікті әлеуметтік ортаның алдын-ала зерттеуі. Қосымша білім беру ұйымдары, мектептер, әлеуметтік және психологиялық көмек орталықтары, балалар және жастар ресми және бейресми бірлестіктері, педагогтер, ата-аналар, балалар және т.б. білім беру және тәрбиелеу әлеуеті, жалпы тәрбиелік кеңістігінің қатысушыларының қажеттілігі мен қызығушылықтары ескеріле отырады.

- Тәрбиелеу кеңістігінің икемді кеңістігі аумақтық басқарма органдарының бастамасымен «үстінен», сондай ақ, «астынан» - жастар және балалар бастауыменен (клубтар, қызығушылықтар бойынша бірлестіктер, әлеуметтік жобалар);

- Жауапты қызмет, ынтымақтастықты талап ететін, шығармашылығын тудыратын, барлық қатысушыларын біріктіре алатын әлеуметтік-маңызды мақсат арқылы, білім беру кеңістік бойына шоғырландыру.

Әр-түрлі әлеуметтік-коммуникативтік мүмкіндіктерді қолдану - тұлғаның азаматтық қасиеттерін тәрбиелеу үшін қажет.

Айтылған тәсілдерінің әр-қайсысы белгілі бір азаматтық тәрбиелеу аспектісін ерекшелейді. Бірақта жалпы азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бағыты ретінде оның мақсаты мен міндетін шешетін жалпы және кешенді тәсіл қажет етеді.

Азаматтық білім беруді құрастыруда жетекші тәсілдерінің бірі болып құзыреттілік тәсіл болып табылды.

Құзырет дегеніміз шеберлік және іс-әрекетті, білімдерді бір қосып, керекті уақытта осының барлығын бір жерге жұмылдыра білу кешекені. Мәселелерді шешуге бағытталған іс әрекеті сай болса, сол адам құзыретті деп саналады.

Құзыреттілік дегеніміз «білім», «шеберлік» және де жағдайдың арасында байланысты орната білу. Құзыреттілікте ең бастысы «білу» емес, ал керекті жағдайда сол білімді қолданып, іске асыра білу.

Құзыреттілік қалыптастыруға адамда белгілі бір мәселені шешудің тәжірибесі болуы қажетті шарт болып табылады.

Қазіргі қоғам мектеп түлегінде қандай да бір құзыретті бойына дарығанын әлемдік білім беру тәжірибесі бізге көрсетеді. Ең жайыңқы түрінде құзыреттер тізімі М. Стробарт, Еуропа Кеңесінің білім, мәдениет

және спорт Департаментінің 90-шы жылдарда директор орынбасары қорытынды баяндамасында келтірілген.

1. *Саяси және әлеуметтік құзырет* (жауапкершілікті өзіне алу қабілеттілік, шешім шығаруда қатысу, шиеленістерді күштемей реттеу, демократиялық институттардың қызметін жақсартуында қатысу).

2. *Көпмәдениетті қоғамның өміріне байланысты құзырет* (өзегішікті түсіну, бір біріне құрмет, өзге мәдениет, дін және тілдер өкілдерімен тұру қабілеттігі).

3. *Коммуникативті құзырет* (бірнеше шетел тілдерін білу, жазу және ауызша тілді білу).

4. *Қоғамда ақпарат пайда болуыменен байланысты құзырет* (жаңа ақпараттық-коммуникативтік технолияларда хабардар болу, оларды қолданыла булуі, БАҚ және жарнамаға критикалық көзқарасы).

5. *Когнитивті құзырет* (өмір бойы оқуға құштарлығы, үздіксіз кәсіби, жеке және қоғамдық өмірге даяр болу дайындығы).

Айтылған құзырет топтардың арасынан бірінші екеуі азаматтық құзырет тобына біріктірілуі мүмкін.

Жасөспірімдердің азаматтық қалыптастыруының басымдылығы болып әлеуметтік келісімді нығайтып дамыту. Азаматтың құндылық бағыттарын Білім беру қалыптастырады, сондықтан азаматтық бағыттылық жабық немесе ашық түрінде білім беру-тәрбиелік үрдісінде бар болады.

Азаматтық жауапкершілік – адамның ең жоғарғы құндылығы, оны қалыптастыру білім беру тәрбиелік үрдісінде қатысатын адамдарға қиын міндет.

Азаматтылық - адам отанының тағдырына жауапкершілгін, құндылықтарын, азаматтық-патриоттық ұстанымын сипаттайтын тұлғаның интегративтік мінездемесі болып табылады.

Бұл бағыттағы қосымша білім берудің дамуының келешегі шығармашылық даму және тұлғаның азаматтық даму бірлестігінде жатыр.

Шығармашылық, азаматтылық, заңға бағыну, азаматтық борышын орындау, таңдау жасап оған жауап тартуға, Қазіргі адамның қажетті мінезінің қасиеттері болып табылады.

Айтылған қасиеттердің синтезі әлеуметтік шығармашылықта анық көрсетілген. Онда бірін бірі толықтыра отырып, әлеуметтік үрдістер мен құбылыстарды ұғынуда қажеттілік пайда болады, қоршаған ортаны жетілдіруге құштарлық және алдына алған міндетін қоғамдық маңызды нәтижеге жеткізу шеберлігі жатады.

Ұйымның қызметін ұйымдастыру қабілетінің тәжірибесі әлеуметтік басқару тәжірибесінде жатыр. Әлеуметтік компетенцияның қосымшасы ретінде басқару шеберлігі жүйелі оқытуды көздейді.

Әлеуметтік басқару негіздеріне үйрету бағдарламалардың жаңа түрін тауып шығару, қосымша білім берудің ажыратылмайтын құрамдас бөлігі болып табылады.

Лагерлік жиындар, лидерлер мектебі, балалар(мектептік) парламенттер өмір тәжірибесіне енді және де олар ғылыми-әдістемелік қолдау табу керек. Азаматтық қалыптасу үшін ұрпақтар достастығы өте зор мағынаға ие, бұл дегеніміз жай ғана ардагерлердің концерт және парадтарда болуы емес. Әр ұрпақтың мәселелерін мен күтулерін шын түсініп, бір бірі жайлы адамгершілік қамқорлық туатын бірлескен қызмет қажет етеді. Ұрпақтар достастығы тек қана ардагерлермен жұмыста ғана керек емес. Құнды бағыттардың, әлеуметтік-адамгершілік тәжірибенің бекіту және табысудың табиғи тәсілі болып келеді.

Құндылық бағыттарын, әлеуметтік-адамгершілік тәжірибесін тапсыру және бекітуінің табиғи тәсілі болғандықтан,

Сонымен, патриоттық тәрбие жүйесін қалыптастыру жолында қоғам және жүйе арасындағы «кері байланысты» еске алу қажет. Қоғам белсенділігі, мәдениеті, қоғамдық және жеке сана сезімінің маңызы соншалықты жоғары болғандықтан, оны «қосымша шарттарға» немесе сыртқы орта өсеріне жатқызу болмайды. Қоғамдық ұмтылуларды тек қана жай фактор, немесе патриоттық тәрбие компоненті деп айтуға болмайды. Олар патриоттық тәрбиелеудің негізі болып табылады.

Нағыз азаматтар мен патриоттарды тәрбиелеу – республиканың әскери–патриоттық клубтарының басты бағыттарының бірі. Олардың білім және тәрбие беру кеңістіктерінде әскери–теориялық, физикалық даярлау үйлеседі, оған қоса рухани және физикалық даму мәселелері шешіледі. Әр клубтың өзінің анық бағыты бар, осының арқасында аймақтарда өсіп келе жатқан жас ұрпақпен жүргізілетін әскери–патриоттық жұмыстың кең спектрі ұсынылған. Әскери–патриоттық клубта жасөспірімдер өнегелі, моральды-психологиялық және физикалық қасиетке, мемлекеттің болашақ қорғаушысы, азаматы, патриотына қажет арнайы кәсіби білім мен шеберлікке ие болады.

Клубтардың тәрбиеленушілері «Патриот», «Мен – Қазақстан азаматымын», «Бұл біздің ту» республикалық акцияларына, әскери–патриоттық слеттарына белсенді қатысады. Жастарды патриоттық тәрбиелеуде спорттың техникалық және қолданбалы түрлері бойынша жаппай жарыстар маңызды роль атқарады. Жыл сайын әскери–патриоттық клубтар ұйымдастырушысы Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы болып табылатын әскерге дейінгі жастар арасындағы арнайы көпсайыс бойынша спартакиада, әскери–патриоттық және әскери–спорттық клубтарының республикалық слеті сияқты республикалық жарыстарға қатысады.

Балалар бірлестігі – жасөспірімдердің қоғам өміріне қатысу түрі, жеке бастың әлеуметтік өмірге енуін қамтамасыз ететін қоғам бірегей әлеуметтік-педагогикалық жүйесінің маңызды компоненті.

Республика жасөспірімдерінің азаматтық өсуі мектебі юолып табылатын балаларға арналған ұйымдар - «Жас Қыран», «Жас Ұлан». Балалар ұйымдарының мүшелері «Мейірімділік жолымен», «Мейірімді бол», «Мен - патриотпын» акцияларына, диалогтық алаңдар, саммиттер және фестивальдарға қатысады.

«Жас Қыран», «Жас Ұлан» тәрбиелік мүмкіндіктері мол. Олар жеке бастың оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтендіру, өздігінен тәрбиелеу, білім алу және жүзеге асыру құралдарымен даму үрдісіне интеграцияланатын балаларды әлеуметтік тәрбиелеу түрі болып табылады. «Жас Қыран», «Жас Ұлан» балалар қоғамдық ұйымдарымен социум құрылған, онда бала өзін әр түрлі рольдерде, позицияларда, жеке және әріптестік, орындаушы және шығармашылық қызметтерде субъект ретінде; өзінің азаматтық позициясы бар жеке бас ретінде көрсете алады; болашақ мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарға қосылу тәжірибесін ала алады.

Өнер, көркем және техникалық шығармашылықтың тәрбиелік мәні зор. Осыны бұл жылы өткен:

Қазақстан Республикасының Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде білім алатын жас музыканттардың 47 республикалық фестиваль-конкурсы,

«Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» атты қолданбалы сәндік көркемөнер бойынша республикалық көрмесі,

«Қазақстан — менің елім» өлкетанушылар, натуралистер және туристердің республикалық ғылыми-практикалық конференциясы,

«Отамыздың ел ордасы – Астананы танып білу» - өлкетану проекті,

«Ғылымға мектеп табалдырығынан» ғылым мен техниканың халықаралық ғылыми-практикалық форумы дәлелдейді.

Осылайша, азаматтық тәрбиелеу түрлері мен әднстері әлеуметтің шартталады, педагог пен тәрбиеленушілердің ортақ қызметін регламенттейді, жеке және әріптестікте жұмыс қатынасын анықтайды.

Азаматтылықтың басты азаматтық компетенттілік құрылымындағы даму механизмі педагогикалық әдебиетте келесі түрде ұсынылған:

- Зерттеу компетенттілігі – ағымдық әлеуметтік жағдайды талдау және бағалауға қатысты қабілет.
- Әлеуметтік таңдау компетенттілігі – нақты әлеуметтік мәселелер кезінде, нақты әлеуметтік жағдайда таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдысына байланысты қабілет.

- Әлеуметтік әрекет ету компетенттілігі – жасалған таңдау мен қабылданған шешімді жүзеге асыру бойынша міндеттерге байланысты қабілет.

- Коммуникативтік компетенттілік – еі алдымен әлеуметтік мәселелерді шешудегі басқа адамдармен қатынасу (төзімділікті қоса алғанда) қабілеті.

- Оқу компетенттілігі – үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік жағдайда ары қарай білім алу қажеттілігіне байланысты қабілет.

Азаматтық компетенттілік өз кезегінде синтездеуші компетенттілік болғандықтан, азаматтық тәрбие және білім беру мақсаттары мен міндеттері оқытуда жүргізілуі тиіс, оған қоса олар оқушылардың оқытудан тыс, мектептен тыс қызметімен тығыз байланысты болуы керек.

Солай, балаларға қосымша білім беру ең динамикалық білім беру жүйесі болып табылады, мұнда оның мазмұны, балалар және жасөспірімдермен жұмыс істеу әдістері мен түрлері үнемі жаңарып тұрады. Өсіп келе жатқан ұрпақта азаматтылықты тәрбиелеуді педагогикалық әсер етудің әдістері, түрлері және әрекеттерінің оңтайлы үйлесімділігін пайдалану қамтамасыз етеді. Балалар мен жасөспірімдердің нақты әлеуметтік қатынастарға қосылу белгісі бойынша қосымша білім беру ұйымдарында пайдаланылатын жұмыс түрлерін келесі топтарға біріктіруге болады:

1. Үйрететін, тәжірибелік бағыттылығы бар: үйірмелердегі, клубтардағы, секциялардағы және т. б. сабақтар.

2. Нақты әлеуметтік маңызды істер (экспедициялар, акциялар, табиғатты қорғау бойынша іс-әрекеттер, т.б.).

3. Балалардың әлеуметтенуіне ықпал ететін күнделікті қызықты істер түрлері (ойындар, шығармашылық кештер, конкурстар, фестивальдар және т.б.).

Әдістерді таңдау және үйлестіру білім мен тәрбие берудің мақсаттары мен міндеттері, өтілетін тақырып мазмұны, оқушылар жасы, нақты материалды өтуге арналған уақыт, сонымен қатар оқушылар әріптестігінің ерекшеліктері және педагогтың өзінің мүмкіндіктері арқылы шартталады. Азаматтық тәрбие беру – бұл бірегей жүйе, ол қосымша білім беру ұйымдарының барлық қызмет ету сфераларын біріктіреді, оқытудың тәжірибелік бағытталған және интерактивті түрлерін пайдалануды болжайды.

Осылай, азаматтылықтың қалыптасуы жас қазақстандықтарда демократиялық қоғамның дамуы кезінде жүріп жатыр, бұл өз кезегінде өз азаматтарынан мемлекет заңдарын сақтауды, құқықтары мен міндеттерін білуді, азаматтық жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан да қосымша білім беру жүйесінде мазмұны, түрлері мен әдістерді интегративті таңдап, болашақ азаматты кешенді тәрбиелеу керек.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында кешенді тәрбиелеуге бұл жүйенің арнайы ерекшеліктері – оқыту еркіндігі, қатынас атмосферасы, оқыту демократизациясы, қызығушылықты қолдау, өзін көрсету, жеке жұмыс жүргізу әсер етеді. Жеке басты қалыптастыруға ұйымдастырылған, мақсаттық педагогикалық әсер ету үшін азаматтық тәрбие беру құралдарын білу керек. Негізгі тәрбиелеуші құралға әріптестіктегі шығармашылық жұмыстар, әріптестіктегі ұйымдастыру жұмысы, шығармашылық ойындар жатады. Азаматтық тәрбиелеудің қолданылатын ақпараттық-ағарту құралдары оқушылардың танымдық және құндылықтарға бағытталған интеллектуалдық жағынан дамуына ықпал етеді. Бірегей педагогикалық үрдіс ұйымдастыру түрлерін, анықталған тәрбие беру әдістерін пайдалануды қажет етеді. Оқушы мен оқытушының қарым-қатынасы ретіндегі педагогикалық үрдісті ұйымдастыру түрлеріне халық шығармашылығы фестивалі, азаматтық және патриоттық бағыттағы авторлық бағдарламалар конкурсы жатады. Педагогикалық әсер ету әдістері – бұл педагогикалық үрдістің мақсаты, міндеттері және түрлерін жүзеге асыру жолдары мен тәсілдері (ақпарат, әңгімелесу, дәлелдеу, диспут және т.б.).

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары өсіп келе жатқан ұрпақтың азаматтық тәрбиесіне көп көңіл бөледі. Осыған дәлел ретінде қосымша білім беру ұйымдарында жасалған азаматтық және патриоттық тәрбие бойынша бағдарламалардың сан түрлілігін келтіруге болады. Азаматтықты тәрбиелеуде оқушылардың әр түрлі аймақтық бірлестіктерінің үлкен тәрбиелік маңызы бар, себебі олардың негізінде өз аймағын зерттеу және патриоттық сезімді, азаматтықты тәрбиелеу, өз қаласы үшін жауапкершілігі сияқты сезімдер жатыр. Бұл жұмыстың түрлері көп: ойындар, конкурстар, аймақтық экскурсиялар, ағарту, мұражай-ізденістік, экспедициялық жұмыстар.

Жас ұрпақтың әлеуметтік компетенцияларын қалыптастыру, азаматтық тәрбиелеу міндеттерін шешу жолдарын қайта қарастыру қажет. Оқушылар сарайларында, балалар шығармашылық орталықтарында барлық жастарға арналған патриоттық бағыттағы клубтар ашу қажет. Облыстық оқыту-әдістемелік қосымша оқыту орталықтарына өңірлік ведомствоаралық бағдарламалар жасап және оны іске асыру керек: әлеуметтік бағыттағы «Мен – Қазақстан Республикасы Азаматымын!», тарихи-өлкетану және туристік-экспедициялық бағытының "Атамекен - алтын бесігім!", жазғы демалыс, денсаулық шынықтыру және балалардың жұмыспен қамтылу жөнінде «Ақ желкен».

Жас ұрпақтың әлеуметтік компетенцияларын қалыптастыру, азаматтық тәрбиелеу міндеттерін шешу жолдарын қайта қарастыру қажет. Оқушылар сарайларында, балалар шығармашылық орталықтарында барлық жастарға арналған патриоттық бағыттағы клубтар ашу қажет. Облыстық оқыту-әдістемелік қосымша оқыту

орталықтарына өңірлік ведомствоаралық бағдарламалар жасап және оны іске асыру керек: әлеуметтік бағыттағы «Мен – Қазақстан Республикасы Азаматымын!», тарихи-өлкетану және туристік-экспедициялық бағытының "Атамекен - алтын бесігім!", жазғы демалыс, денсаулық шынықтыру және балалардың жұмыспен қамтылу жөнінде «Ақ желкен».

Қорытынды

Балаларға арналған қосымша білім беру еліміздің мәдени өміріне және серпінді өндірісіне қатысатын өскелең ұрпақты дайындау стратегиясын ескере отырып, жекелей және топтық білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруды өзінің кәсіптік және әлеуметтік қызметтері арқылы саналы түрде құра білуге бейімдейтін жалпы білім берудің құрамдас бөлігі болып табылады.

Әңгіме дарынды балаларды қолдау, талантты жастарды анықтау және дамыту, ХХІ ғасырдың дағдыларын қалыптастыру барысында қосымша білім беру саласының потенциалын пайдалану міндеті туралы болып отыр.

Вариативті аз мөлшерде құрылған жаппай базалық білім жеке бағдарлама аясында жалпы білім берудің негізгі міндетін шешуге – әлеуметтік рөлін сынап көруін, кәсіби дайындығын және табысты болуға үйретуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бере алмайды. Балаларға арналған қосымша білім берудің негізгі білім беруден маңызды мәдени-ағарту айырмашылығы да осында, онда белгіленген білім, білік және дағды түрінде берілген мәдени үлгілерді игеруге баса назар аударылады.

Қосымша білім беру міндетті болып табылмайды, бірақ ол балалардың бейімі мен қызығушылығына сәйкес өз еркімен тандау негізінде жүзеге асырылады. Негізгі білім беру институттарымен салыстырғанда балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінің базалық (мектептегі) оқытудың жетіспейтін қызметтік және тұлғалық-бағдарлық құрамының орнын толықтыратын мүмкіндіктері бар:

- бағдарламаны, оны игеру тәртібін таңдау, бағдарламаны және ұйымды ауыстыру еркіндігі;
- өзінің мүддесі мен қабілетін ескере отырып таңдау жасауға мүмкіндік беретін қызмет түрінің (белсенділік нысанының) үлкен жиынтығы;
- өзіндік қасиетін және шығармашылығын, өзіндік бастамасын таныту үшін (жеке және топтық) өзін-өзі ұйымдастыру және өз белсенділігін реттеуге арналған ауқымды мүмкіндіктер, мінез-құлық пен қарым-қатынастың шектеулі реттемесі;
- оқу бағдарламаларының икемділігі (тұтастығы);
- практикамен тығыз байланысы (әлеуметтік, кәсіптік);
- әлеуметтік тәжірибе, практикалық қызмет тәжірибесін жинақтау мүмкіндіктері;
- мемлекеттік міндеттердің белгілі бір кезеңі үшін өзекті мәселесіне бағдарлану (экономиканың белгілі бір саласын дамыту, жаңа экономикалық парадигма, әлеуметтендіру өлшемінің алмасуы).

Қалыптасқан Қазақстан ортасында, қазіргі қосымша білім беру жағдайы, құқық бойынша, қажетті заманауи қосымша білім ортасы ретінде қарастырылады.

Қосымша білім әлеумет бойынша қажетті және қоғам мен мемлекеттен әр тарапта білім ретінде назар мен қолдауды қажет етеді. Тәрбиелеу, бала тұлғасын оқыту және дамытуының келісімді үйлесуі Қазақстан Республикасының білім дамуының 2011-2020 бағдарламасында көрінісін тапты. Жастар және балалардың жеке, әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі табу бейімділігін және қабілеттілігін дамыту факторының бірі ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда 2012-2016 жж ұлттық іске қосу жоспарында қосымша білім беру ұйымдарының ерекше орны көрсетілген. Қосымша білім беру жүйесінде балалардың оқу үрдісі дамып келе жатқан парадигма ретінде құрастырылған, ақпараттық, оқыту, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендіретін, демалдыратын қызметтерді қамтамасыз етеді.

Қосымша білім беру:

- жалпы білім беретін мектепте үйретпейтін түрлі қызмет жайындағы білім, білік, шеберлікті компенсациялау тәсілі ретінде қарастырылады;
- жеке-тұлғаның даму тәсілі ретінде қарастырылады;
- жеке қасиеттерді түзеу тәсілі ретінде қарастырылады;
- оқушылардың әлеуметтік және кәсіптік өзін-өзі тану тәсілі ретінде қарастырылады;
- спорт, өнер, техника, ғылым салаларына деген сүйіспеншілік және қызығушылық негізінде балалар және жасөспірімдердің танымдық, орындаушылық және коммуникативтік қызметінің жиынтығы.

Ғылыми-техникалық, көркем, экология және биологиялық, туристтік және өлкетанулық, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, табиғи ғылым және де басқада білім беру қызмет саласында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда балаларға қосымша білім беру жүйесі әлеуметтік-педагогикалық бірегей мүмкіндіктермен жайғастырады.

Балаларға қосымша білім беруді таңдау бойынша білім, әлеуметтік тиімді, болашақта мүмкін болатын оқушылардың кәсіби жолын табу тәсілі ретінде қарастыруға болады. Балаларға қосымша білім беру үрдісінің ерекшелігі, ол оқушыларға бос уақытында айналысуға мүмкіндігі, еркін таңдау жолымен, еркін қатысу, оқуының жолын таңдауы, қандай да бір тәртіп, деңгей және нәтижеге жеткісі келетінінде өзінің таңдауы болып табылады. Бұл ерекшелік білім беру бағдарламасында ерекше шығармашыл қатынас әдісті құрастыруға қажеттілігінде педагог және бала, педагог және балалар бірлестігі, белсенді және қарқынды оқыту әдісін нәтижелі қызметтерін бөлгенінде көрінісін табады. Педагогпенен бірлесе шығармашыл міндеттерді шешу жалпы білім беру үрдісінің психологиялық құрылымын өзгертеді (барлығымен бірге болу ұнайды, ортақ жұмыс қызықтырады, шыншылдық қанықтырады, өзі үшін абырой танылады т. б.)

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары әр балаға бірдей «бастауыш» мүмкіндік береді, балалар және олардың ата аналарының лезде өзгертін талаптарына ілтипатпенен әрекет жасайды, жеке дамуының жаңа сапа дейңгейіне көтеріп, талантты және дарынды оқушыларға көмек және қолдау етеді. Қосымша білім беру жүйесінде жекеленген қабілеттерге бағытталған еңбек нарығының өзекті стандарттарына сәйкес және түрлі фондтар грантымен инвестиция негізінде дамып жатқан база қолданылады. Жалпы орта білім беру жүйесінде әліде қорытынды жасау түрі күнделікке, аттестатқа еңгізілген формалды бағамен байланысты. Қосымша білім беру жүйесінде қорытынды жасау түрі әлде қалай қызығырақ. Балалардың музыка мектептерінде және балалар өнер мектептерінде бұл дегеніміз – сайыстар, фестивальдер, концерттер және де т.б. соңында құрметті дипломант, лауреат және т.б. мараптауымен.

Бүгінгі күнде білімге қойылатын басты критерий, ол адамның *еңбек нарығында табысты болуы*. Ол үшін біз балада негізгі қажетті құзыреттерді дамытуына, ең жоғарғы тұтыну құны бар потенциалының иегері ретінде қалыптасуына жағдай жасауымыз керек. Білім жүйесі жауапты, саналы, заңды тыңдар, азаматтық құқықтары мен міндеттерін жаһандандыру дәуірінде, ақпараттық қоғам жағдайында қолдана біле алатын және қолданатын жас ұрпақты тәрбиелеуі мемлекетке керек.

Жаһандандыру дүниежүзі еңбек нарығын қалыптастырады. Бұған жеке, нақты адам – білім жүйесінің түлегі кезігеді. Ол өзінің білімі,

құзыреттері мен адамгершілік қасиеттерінің тасымалдаушысы. Егерде түлек бәсекеге қабілетті болса, ол әр жұмысберушімен табысты дәмелендіретін тіл табыса алады. Өзінің ерекшелігі бар әр адам, әр бірлестіктің, әр өңірдің білімге деген сұранысы қазірі танның мәселелерінің бірі болып отыр. Нақты адамсыз, қоғамның көмегісіз жаһандандыру ғасырында мемлекет өз бәсекеге қабілеттілігін арттыра алмайды. Тек қол жетімді қосымша білім беру ғана балаға шексіз мамандықтар арасынан өз өзін танып, өз жолын табуға мүмкіндік бере алады. Мемлекет жағдай жасауға тиіс, мәселен, тек қана қосымша білім беру ұйымдарында ғана балалар өздерінің бойындағы шеберліктерін іске асыра алады. Мемлекет пен ата аналар қосыма білім беру ұйымдарының мәселелерін бүгі күні шешу керек, себебі оны шеше отыра олар болашақтағы ұрпақ қоғамының сапалы әлеуетін, оның менталитетін өзгертеді.

Қазіргі таңдағы қосымша білім беру ұйымдарының жұмысының нәтижесі балалардың құзыреттілігімен анықталады. Бұл дегеніміз сабақта берілетін тек қана ақпаратты алып қана қоймай, ол адамдармен, мәдениетпен, өркениетпен қарым қатынасты құрастыруды үйренуге құқығы. Функционалды сауаттылық негізгі фактор бола бастайды. Ол адамдардың әлеуметтік, мәдени, сааяси және эконономикалық қызметте қатысып және де өмір бойы үздіксіз оқып үйренуге жетелейді. *Функционалды сауаттылықтың* нәтижесі оқушылардың өзекті құзыреттер жүйесін игеруімен сипатталады. Соған қосар жастар алған білімін нақты жағдайда, әлеуметтік бейімделу үрдісінде қолданыла алады.

Қосымша білім беру ұйым қызметінің мазмұны адамды ортаға қоятын теория, концепция, ойлар негізінде анықталады. Бұл тұжырымдамалар әр адамда сау және шығармашылық өсуге әлеуеті бар деп айтады. Және бұл әлеуетті іске асыру жолында туатын барлық сәтсіздіктерді өту мүмкін, адам өз қолына өмірі үшін жауапкершілікті алса.

Қосымша білім беру басынан бастап жекешелендірілген. Бұл білім беру түрі объективті түрде өзін өзі тануға, өз жолын тануға, бала өз тұлғасының әлеуметтік позитивті қызметте анықтауға бағытталған ұйымдастырылған үрдіс.

Өзара байланысты үш жазықтықтарда баланың тұлғалық дамуы қосымша білім беру ұйымдарында жүргізіледі:

- *баланың тұлғасын, қабілеттілігін, дарындылығын және таланттарын дамыту;*
- *кәсіптік жолын табуына, таңдаған қызметінде жетілдіру;*
- *коммуникативті іс-әрекет.*

Қосымша білім беру балаларға шығармашылық бірегейлігін сақтауға мүмкіндік береді, өмірге неге келгенін түсіну үрдісін

қарқындатады, мамандықты таңдауда көмектеседі, құндылықтар кеңістігі ұстанымдарында өзін-өзі анықтауға жағдай жасайды

Қосымша білім беру ерекшелігі бір білім беру нәтижесінен екіншіге баланың әр түрлі тәсімінмен ілгері басуын мүмкін етеді. Білім беру бағдарламасын игеруі баланың ұсынылатын мәліметті қабылдауына әр жетілген дайындық деңгейінен басталуы мүмкін. Бұл ретте қосымша білімнің шеңбері біртүрлі білім беру және өндірістік педагогикалық орта сияқты қарастырылады. Оның ішінде сыршыл құштар, әлдеқандай нақты ісімен айналысатын, олардың жеке қабілеттеріне, себептеріне, мүдделеріне және құндылық бағдарларына қарай адамдардың «өндірісін» іске асырады.

Балаларға қосымша білім беруді жаңғырту дегеніміз, ол балаларға қосымша білім беру жүйесі механизмінің қалыпты дамуыны және де соған жағдай жасауды қарастыру, қазіргі талаптарға сай сапасын қамтамасыз ету, қол жетімділігі мен тиімділігі, жалпы білім беру мектеп негізінде қосымша білім беруді дамыту, мектептен тыс және қосымша білім берудегі тәрбиенің ең үдік дәстүрлері негізіндегі ықпалдасуы.

Қойылған мақсатқа жету үшін бүгінде көптеген міндеттерді орындау қажет:

- балалардың қосымша білім беру мазмұнын жетілдіру;
- қосымша білім беру ұйымдарының желісін сақтау және дамыту;
- икемділік пен алуан түрлілік, білім берудегі әдісі мен мазмұнның жаңашылдығымен сипатталатын, балалардың қосымша білім берудегі инновациялық білім беру бағдарламаларын жасап тауып соны іске асыру;
- балалардың қосымша білім берудегі ең үздік тәжірибені анықтап, біліктілікті көтеру түрлері арқылы ең үздік педагогикалық тәжірибені тарату;
- кадрлық құрылымды сақтау және нығайту, қазіргі заманның талабына сай кәсіби деңгейін жоғарылату

Бұл міндеттердің шешілуі жалпы және қосымша білім беруінің бірігу үрдісінің нәтижелігіне өте маңызды. Өйткені оның шешілуі келесі мүмкіндіктерге қол жеткізуге жағдай жасайды:

1) айтылған ұйымдардың қызметінде біріңғай талап және тәсілдердің қалыптасуы;

2) қосымша білім беру жайында педагогикалық мамандарды және мектептердің лезде мағлұмат беру деңгейін жоғарылату;

3) Мектептен тыс білім берудің үздік дәстүрлері, әдістемелік-бағдарламалық әлеуеті, әдістер мен түрлердің мектептердің балаларға қосымша білім беруде қолдануы.

Нарық жағдайында қосымша білім беру ұйымдары білім беру қызметтерін тұтынушылар (балалар, отбасы) мен экономикалық және әлеуметтік дамытудың мемлекеттік стратегиясына бағдарлау арқылы

құруы қажет. Бұл қосымша білім беру жүйесін жаңа құрылымдық және қаржылық тұрғыда ұйымдастыруды, маркетинг саласында құзыретті жаңа буын басқару кадрларын, оқу бағдарламаларының өзектілігін қалыптастыруды және қолдау көрсетуді қажет етеді.

Қосымша білім беру жүйесінің ұйымдастырушылық құрылысы тұтынушылар мен мемлекеттік тапсырыс мүдделерінің өзгерістеріне сәйкес қызмет бағыттары мен оқу бағдарламаларының жылдам алмасу қажеттігін ескеруі қажет. Негізгі мақсаттар өзгермейді:

- балаларды өзгермелі қоғам өміріне әлеуметтік бейімдеу;
- балаларды табысты әлеуметтендіру;
- өз бетінше азаматтық, адамгершілік таңдау жасауға, жеке шығармашылық қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптасыру;
- саналы өмірлік ұстанымы мен кәсіп таңдау әлеуметтік жауапкершілігін таныту.

Қызмет мазмұны мен әдістері ұдайы түзетулер мен қайта қарауды қажет етеді. Балаларға арналған қосымша білім берудің адами капиталды дамыту және жаңғырту жүйесінде алатын ерекшелігі де осында.

Білім беретін ұйымдардың икемділігі мен тұтастығы, оның білім беру қызмет нарығындағы тұрақтылығы және адам потенциалын қалыптастырудағы мемлекеттік стратегияларға сәйкестігі бала белсенділігінің түрлі саласында оқу бағдарламаларының ауқымды жиынын ұсынатын көп бейінді ұйымдардың жағдайында ғана мүмкін болмақ. Алдағы уақытта жеке тақырыптық құрылымдарды бірыңғай әкімшілік, қаржылық және мазмұнды басқаруға біріктіретін балаларға арналған ірі қосымша білім беру орталықтарын қалыптастыру қажет. Шағын елді мекендерде тұтынушылар мен жергілікті қоғамдастықтың сұранысын қамтамасыз ететін бағдарламалар жиынтығымен көп бейінді Орталықтардың филиалдарын құру мақсатты болып табылады.

Филиалдардың қызметін ұйымдастыру және әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етуді, қажет жағдайда оның ресурстары мен педагогикалық мамандарын пайдалана отырып, Орталық жүзеге асырады. Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін арнайы ғимараттары болмаған жағдайда бағдарламалар жалпы білім беретін мектептерде, сол мектеп мамандарын тарту арқылы, жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай тәжірибе бірқатар басымдылыққа ие. Мысалы: күннің екінші жартысында мектептің ресурстарын пайдалану мүмкіндігі бар. Сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламасына негізгі оқу бағдарламасын меңгеруде бірқатар тақырыптар мен қызметтерді қосуға болады. Ұсынылған ұйымдастыру жұмысы арнайы дайындалған басқарушы мамандарды, жан басына шаққанда нормативтік қаржыландыру жағдайында және қосымша білім беру ұйымдарының дәстүрден тыс

ұйымдастыру құрылымында қызметті қамтамасыз ететін қаржы құрылымының қызметкерлерін қажет етеді.

Кәсіби бағыттылық пен бейінді 12-жылдық мектепке көшкеннен соң, қосымша білімге деген сұраныс арта түседі.

Он екі жылдық мектепте музыка, көркем мектептері мен өнер мектептері көркем және эстетикалық бағыттағы өздеріне бейінді ресурс орталықтары орнын ала алады.

Жас техниктер, табиғат зерттеушілер және туристтер станция ресурстары бейінді мектептерде оқушылардың тәжірибелік және эксперименталық, проектілер жасау және зерттеулер жүргізу қызметінде қолданылуы мүмкін.

Бұл мектептен тыс ұйымдардың барын жаңғыртуы мен жаңа объектілерді еңгізу мен материалды-техникалық қамтамасыздандыруды қажет етеді. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған Білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасының өзгерістер мен қосымшалар еңгізу проектісінде бұл сұрақ қарастырылған.

Қазіргі заманға сай балаларға жалпы және қосымша білім беру ықпалдастық үрдісінің дамыуыменен, *балаларға әлеуметтік тәрбие беру* үшін қосымша білім берудің маңызын еске ала отырып, нақты социум балаларына жалпы және қосымша білім беруде нақты іс жүзіндегі қалыптасқан ақпараттық-әдістемелік ықпалдастық үрдісін сүйемелдеу механизмі бірегей ақпараттық-әдістемелік кеңістігінің моделін жасауда өте маңызды болып келеді.

Балаларға қосымша білім беру істің дәл мәнінде тәжірибеге бағытталған болып есептеледі. Және де нәтижелікке соңында әкеледі. кәсіпқой Балалардың қосымша білім беруі негізінен білім беру бағдарламалары мен қызметтері арқылы іске асырылады. Ол едәуір мөлшерінде мамандар, кәсіпқойлармен іске асырылады. Сонын арқасында оның жанжақтылығы, қызықты, бірегейлігі және де ең бастысы – нәтижелілігі қамтамасыз етіледі. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуына, өзекті және пәндер бойынша құзыреттерді қалыптастыруына оқу бағдарламалар бағытталған.

Білім беру бағдарламаларының бағыты – білім беру бағдарламалар тобына тән белгілі бір пікірлер, идеялар, жиынтығы.

Балаларға қосымша білім беру мазмұны адамның өмірлік іс-әрекеті кеңістігінде анықталады. Ол өзіне, қоршаған ортаға деген қарым-қатынас негізіндегі мәдениет, ғылым, әдебиет, техника, экономика, құқық жетістіктері, таным және іс-әрекет кеңістігі туралы білім, іс-әрекет түрлері мен типтерін жүзеге асыру тәсілдері арқылы қалыптасады.

Балаларға қосымша білім берудің қазіргі мазмұны жаңартылуда. Жаңа мазмұнды, мысалы қосымша білім беру ұйымдарына мектепке дейінгі балалардың келуі талап етеді. Жаңартылған түрі жеткіншектер

мен жасөспірімдер үшін қажет. Бұл лидерлік қасиетті, белсенді өмірлік ұстанымды дамыту, әлеуметтік сынау, әлеуметтік шынықтыру, кәсіби және өмірлік өзін-өзі анықтау мүмкіндігін көрсету болып табылады. Балаларға қосымша білім беру жүйесінде денсаулығы нашар, ауытқушы мінез-құлықты, дарынды балалар үлкен қызығушылықты танытады. Осы санаттағы балалар үшін қосымша білім беру бағдарламасын құру білім мазмұнындағы оның үш құрылымында: *оқыту, тәрбиелеу және дамытуда* жаңа өзгерістер енгізуді талап етті. Іс-әрекет мазмұнын жаңарту сонымен қатар білім беру ұйымдарының іс-әрекетіне ата-аналардың қатысуын қамтамасыз етуді талап етеді.

Балаларға қосымша білім беру мазмұнын білімнің жаңа саласын енгізу арқылы, әр деңгейлі, кешенді, жүйелі білімді жүзеге асыру, балалар шығармашылығын қолдау және дамыту, әлеуметтік-педагогикалық және тәрбиелік іс-әрекетті дамыту арқылы жаңартуға болады. Білімнің менеджмент, компьютерлік технологиялар, шетел тілдері және т.б. салаларына балалар көп қызығушылық танытуда. Балаларға сертификат және басқа да қосымша білім беру бағдарламалары берілетін ғылыми шығармашылықты дамыту мүмкіндігі, еңбек нарығын құру, сауықтыру, қалпына келтіру мүмкіндіктері пайда болды.

Жалпы орта білімнің әрбір деңгейі үшін қосымша білім беру жүйесі нақты жасерекшелік кезеңіне байланысты өзінің мазмұнды-технологиялық үлгісін ұсынады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде – ойын әрекеті технологиясы жағдайында балалардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі дайындық бағдарламасының үлгісін жасау.

Бастауыш буында – балаларға қосымша білім беру ұйымдарының шығармашылық ұжымдары жағдайында, сол секілді мектептегі қосымша білім беру жүйесінде оқушыны әртүрлі білім қауымдастығына кіргізу арқылы білімді меңгертуге көмектесу.

Негізгі жалпы білім беру кезеңінде- жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау процестерін қолдау: әртүрлі саладағы маңызды мәселелерді кеңейту және оларды шешу тәжірибесін меңгеру.

Негізгі мектеп оқушыларында әртүрлі салада өзінің мүмкіндігін қолдана алу, жауапты таңдау жасауға дайындығын қалыптастыру; оқу, жобалық, ойын, көркем өнер, құрастырушылық, зерттеуші.

Негізгі білім мақсаты әрбір бағытқа тән болып келеді (оқытуға, тәрбиелеуге, кәсіби бейімделуге, жеке тұлғаны дамыту, білімді толықтыруға бағдарлану және т.б.). Бұл мақсат мамандық түрімен сәйкес анықталады, мысалы: жаратылыстану-ғылыми- нақты ғылыми саланы тереңдете оқыту, экологиялық-биологиялық – экологиялық тәрбие, экологиялық жүйені тереңдете зерттеу және т.б.

Жалпы теориялық деңгейде балаларға қосымша білім берудің мазмұны оқушылар арқылы берілетін құрам, элемент, құрылым және әлеуметтік, мәдени, рухани тәжірибенің қызметтері туралы жалпыланған жүйелі білім ретінде көрінеді.

Қосымша білім берудің нақты бағытталған деңгейінде осы бағыттың ерекшелігімен анықталатын, бірақ құрамы және құрылымы бойынша жалпы теориямен сәйкес келетін қосымша білім беру мазмұнының жеке бөліктері көрсетілген.

Пән деңгейінде нақты пән бойынша оқытудың негізін құрайтын дидактикалық материалдардағы элементтер (білім, іскерлік, дағды, іс-әрекет, эмоциялық-бағалаушылық талқылау және т.б.) көрсетілген.

Осы үш деңгей көрсетілген нормадағы жобалы мазмұн болып табылады. Қосымша білімнің мазмұны оқыту процесіне енгізіліп, педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынастың негізі болып табылады.

Қосымша білім беру ұйымдары басқа да жалпы білім беретін ұйымдармен бірге үздіксіз білім берудің әрдеңгейлі жүйесін құрса, қосымша білім берудің бағдарламасы әлеуметтік-білім бағдарламасының құрамды бөлігі болып табылады. Яғни, қосымша білім берудің білім бағдарламалары мыналарға бағытталады:

- адам өмірінің негізін құрайтын, өмірлік жолын жүзеге асыратын әлеуметтік құбылыс ретіндегі білім процесінің үдемелілігіне;
- адамның шығармашылық белсенділігін қалыптастыру, туындаған мәселелерді өздігінен шеше білу қабілетін дамытуға;
- білім мазмұнын белсенді меңгеру, әртүрлі жағдайларда оны қолдана алу мүмкіндігін болжауға;
- оқушының өмірлік тәжірибесін жалпылау, оны бағалау жүйесімен, әрекетті, жағдайды, оқиғаны бағалаумен сәйкестендіру және өз әрекетін құруға;
- оқушылардың жеке тұлғалық санасын және өмірлік іс-әрекет формаларын дамыту негізінде білім беру мазмұнының сабақтастығына;
- ғылымды қолданбалы, өндірістік коммерциялық үрдіспен прагматикалық қабылдауға.

Білімді дамытудың қазіргі стратегиясы мәдени-тарихи педагогиканы дамыту негізінде вариативті инновациялық технологияларды бекітуге бағытталған. Балаларға вариативті қосымша білім беру жеке тұлғаның өмірлік ұстанымын таңдау мүмкіндігін дамытуға бағытталған.

Балаларға қосымша білім берудің әрбір ұйымы өз аймағындағы білім беру ұйымдарының әртүрлі типтері мен түрлері үшін қосымша білім беруді дамыту үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік орталық болу керек. Қосымша білім берудің мемлекеттік ұйымдары субъект

деңгейінде балаларға қосымша білім беруді дамытуды қолдаудың үйлестірмелі, ақпараттық-ұйымдастырушылық, бағдарламалық-әдістемелік қызметтерді жүзеге асырады.

Осылайша, республикадағы балаларға қосымша білім беру жалпы орта білім беру жүйесінің әлеуметтік-экономикалық даму факторы болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру процесінде қоғамдық өмірде болып жатқан жағдайларды ескеру қажет. Осыған байланысты балаларға қосымша білім берудің негізгі міндеті жаңа енгізілген білім бағдарламалары мен қазіргі бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы жүзеге асатын балаларға ұсынылатын іс-әрекет мазмұнын жаңарту.

Оқу бағдарламаларын *оқушылардың қызметтік сауаттылығын және заттық жетістіктерін* дамытуға бағыттау керек. Бұл жоспарды қосымша білім беру ұйымдарының әдістемелік қызметтік жоспарына қосу керек.

Дамыту және ынтымақтастық, педагогикалық идеяларды іске асыруда үлкен тәжірибесі болғандықтан, балалардың қосымша білім беру жүйесі жалпы білім берудің стратегиялық бағытыменен жақсы үйлеседі. Бұл жүйенің ерекшелігі, оқушы жүйенің сыртқы жағдайларына бейімделмейді, ал керісінше оқушының жеке ерекше мүмкіндіктеріне қарай, қосымша білім беру шарттары бейімделеді.

Балалардың қосымша білімі гуманитарлық парадигмамен, яғни баланың өз өзіне және қоршаған ортаға деген қарым қатынасының жетілуі, бағалы-мағыналы өзекпен негізделеді. Ол, ересек адамдардың әлеміндегі кеңістікте достық қарым қатынас жасайды, бүлдіргіш ықпалдардан қорғауды қамтамасыз етеді, қауіпсіз тәртіп тәсілдерін меңгеруге көмек көрсетеді.

Заманауи өмірдің әрдайым өзгеретін әлеуметтік мәдениеттік, экономикалық, және саяси ақиқатына балалардың қосымша білім беруді ұйымдастыру әжептәуір тезірек және икемді бола алатындай әрекет жасай алады. Оларда ойдан шығарылғандық пен жасандылық жоқ. Олар бала тұлғасының нақты дамуының қажеттілігіне жауап береді. Бұл, жаңа білім ақиқатының тууына, теңбе тең шақыру мезгіліне қажетті білімнің жаңаша дамуының ең жақсы қоры.

Пайдаланылган әдебиеттер Использованная литература

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании». Указ Президента Республики Казахстан от 27 июля 2007 года №319-111 ЗРК.
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 -2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года №1118.
3. Национальный план действий на 2012 – 2016 годы по развитию функциональной грамотности школьников. Постановление Правительства Республики Казахстан от 25 июня 2012 года №832.
4. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 ноября 2009 года №521.
5. Номенклатура видов организаций образования. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 22 февраля 2013 года № 50.
6. Типовые правила деятельности организаций дополнительного образования для детей. Постановление Правительства Республики Казахстана от 20 мая 2013 года № 499.
7. Жексенбаева У.Б. Компетентностно ориентированное образование в современной школе. Алматы, 2009. С-
8. Кулибаева Д.Н. Методологические основы управления образовательными системами школ международного типа. Алматы, КазГУОМЯ им.Аблайхана, 2006.С-348.
9. Асмолов А.Г. Дополнительное образование как зона ближайшего развития образования в России: от традиционной педагогики к логике развития // Внешкольник.– 1997.– №9.– С. 7.).
10. Буданова Г.П., Буйлова Л.Н. Обновление содержания дополнительного образования детей в контексте федеральных образовательных стандартов нового поколения. Сборник статей.
11. Логинова Л.Г. Методология управления качеством дополнительного образования детей. М., 2005. С. 71. С.84.
12. Леонтович А.В. Исследовательская деятельность учащихся в системе общего и дополнительного образования детей. М.,2008.
13. Ковалёва Г.С. Образование, ориентированное на результат: компетентностный подход и функциональная грамотность учащихся. М., 2004.
14. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. – М., 2000.
15. Буйлова Л.Н., Кленова Н.В. Как организовать дополнительное образование детей в школе? Практическое пособие. – М.: АРКТИ, 2005.

16. Дополнительное образование детей. Словарь-справочник /Автор-составитель Д.Е. Яковлев, — М: АРКТИ, 2002.
17. Корлякова С.В., Деникаева О.В. Рекомендации по разработке и требования к утверждению учебных программ дополнительного образования детей. Методическое пособие. — Екатеринбург: Объединение «Дворец молодежи», 2001.
18. Методическая деятельность. Словарь-справочник. — Л., 1991.
19. Перминова Л.М. Минимальное поле функциональной грамотности (из опыта С.-Петербургской школы)//Педагогика. - 1999. - №2. - С.26-29.
20. Профессионализм методиста, или Один в пяти лицах: Методическое пособие /Т.А. Сергеева, Н.М. Уварова и др. — М.: ИРПО; ПрофОбрИздат, 2002.
21. Словарь-справочник в дополнительном образовании детей /Сост. Л.Н. Буйлова, И.А. Дрогов и др. — М: ЦРСДОД, 2002.
22. Евладова Е.Б., Логинова Л.Г., Михайлова Н.Н. Дополнительное образование детей: Учебное пособие для студ. учреждений сред. проф. образования. – М.: Гуманит. Изд. центр «ВЛАДОС», 2002.
23. Логинова Л.Г. Технология аттестации и аккредитации учреждений дополнительного образования детей: Сборник научно-методических и инструктивных материалов. – М.: АРКТИ, 2002.
24. Тетерский С.В. Современные требования к программам и учебным планам // Дополнительное образование. -2004. № 10
25. Яковлев Д.Е. Дополнительное образование детей. Словарь – справочник. – М.: АРКТИ, 2002 .
26. Глоссарий психологических терминов. Под. ред. Н. Губина.
27. Мудрик А.В. Социальная педагогика: Учеб. Для студ. Пед.вузов /Под ред. В.А.Сластенина. -3-е изд., испр. и доп. - М.: Издательский центр «Академия», 2000.
28. Щуркова Н. Е. Воспитание социально активной жизненной позиции школьника в учебной деятельности // Формирование активной жизненной позиции школьников в учебной и трудовой деятельности. — М., 1980. — С.28.
29. Маслова И.А. Педагогические условия социализации подростка в воспитательном пространстве учреждения дополнительного образования детей// Образование и саморазвитие. Научный журнал.Казань. №2, 2007г.-С.86-94.